

#КүшімізБірлікте

Біз Екінші
Республиканы бірге
құрамыз, Жаңа
Қазақстанды бірге
өркендетеміз!
Әр азаматқа бірдей
мүмкіндік беретін әділ
әрі дамыған мемлекет
боламыз!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



«ЕЛ БІРЛІГІ – ЖАҢАРҒАН
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ТІРЕГІ»

2-3

ФЕСТИВАЛЬ



«ҚЫЗҒАЛДАҚ»

6-7

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 29 сәуірдегі мәлімет
бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 100 193

II компонентпен

1 081 115

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 29 сәуірдегі
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 483 123** адам,

II компонентпен **9 241 702** адам

вакцина салдырды.

Ревакциналандығандар саны –

3 938 722

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

30.04.2022

Түнде:



+14+16 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты,
өткірші жаңбыр, найзағай.



**Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с**

1.05.2022

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
3-8, м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №46 (6181) 30 сәуір, сенбі, 2022 жыл.

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ!

БІЗ БІРГЕМІЗ!



Жаңа мемлекетте жаңаша түлеп, ұлттар арасындағы ыстық ықыласты ынтымақты дәріптейтін Бірінші мамыр мерекесі Қазақстанда жыл сайын тойланып келеді. Бұл мейрам – қазақстандық ұлтаралық түсіністікпен татулықтың, тұрақтылықтың символы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, бірлік, татулық және бейбітшілік – біздің мыз-

ғымас құндылықтарымыз. «Біз бір ел, біртұтас халық болып тәуелсіздігімізді нығайттық. Халықаралық қоғамдастықтағы абырой-беделімізді арттырдық. Біздің бірлігіміз бекем, мақсатымыз ортақ, рухымыз асқақ. Соның арқасында кез келген қиындықты жеңіп, жасампаздық пен өрлеу жолында жаңа белестерді бағындырамыз». Біз біргеміз, берік іргеміз!

8

ӘКІМ

АЛАТАУДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Алатау ауданының тұрғындарымен кездесті



Іс-шараға 600-ден астам аудан тұрғындары келді. Алдағы уақытта бұл аумақта 8 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады.

4-5

ҚЫСҚА...

- Елімізде әлемдік дінтануға қатысты жиын өтті.
- Тбилисиде Абайға ескерткіш ашылды.
- Алматыда инновациялық шығармашылық орталық салынады.
- Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарын құру туралы Жарлықтың жобасы Мемлекет басшысының қарауына енгізілді.
- Биыл орта білім беру мекемелері оқу жылын 25 мамырда аяқтайды. 26 мамыр мен 17 маусым аралығында жазғы мектептер ұйымдастырылады. Каникул 1 қыркүйекке дейін жалғасады.
- Негізгі ҰБТ-ға өтініш қабылдау басталды. Ол 14 мамырға дейін жалғасады. Тестілеу 16 мамырдан 5 шілдеге дейін. Тестілеу уақыты – 4 сағат.
- Талапкерлер негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, үздік нәтижемен гранттарды тағайындау конкурсына қатыса алады.
- ҰБТ кезінде компьютер экранында калькулятор, Менделеев кестесі және металдардың бірқатар белсенділігі қосылған тұздың ерігіштігі кестесі қолжетімді болады.
- Үміткерлер тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға бере алады. Сертификат апелляция туралы шешім қабылданғаннан кейін тестіленушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

www.almaty-akshamy.kz

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Президенттер сауда-экономикалық саладағы Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықты дамытудың қазіргі жағдайын егжей-тегжейлі талқылады. Мемлекеттер басшылары екі елдің үкіметтеріне жедел шешуді қажет ететін мәселелерге назар аударуды тапсыруды ұйғарды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинге мамыр айының ортасында Мәскеуде өтетін Ұжымдық қауіпсіздік шартына қатысушы мемлекеттер басшыларының мерейтойлық кездесуіне қатысуға шақырғаны үшін алғыс айтты.

■ СЕНАТ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтіп, депутаттар еліміздің биологиялық қауіпсіздігі туралы заңдар қабылдады. Бұл заңдарда биологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылымның басымдықтары мен бағыттары да айқындалды.

«Қабылданған заңдар Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленді. Алдағы уақытта осы құжаттар елімізде биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздерін қалыптастыруға, биологиялық қауіп-қатерді болжауға және олардың алдын алуға мүмкіндік береді деп сенеміз. Сондай-ақ, бұл заңдар биологиялық қауіпсіздік саласындағы іргелі және қолданбалы ғылымды дамытуға өз үлесін қосады», – деді Мәулен Әшімбаев.

■ МӘЖІЛІС

Палата Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Заң жобасында көзделгендей, енді мүгедектігі бар баланы санаторий-курорттық емдеуге апаратын ата-анасының біріне мекемеге орналастыру, тамақтандыру, жатын орны сияқты шығыстарының құны өтеледі. Сонымен қатар, бұл бастама шалғай аудандардағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың мүгедектігі бар баласына санаторий-курорттық ем алуға жол ашады. Осы заң жобасының аясында 3 жылдық республикалық бюджеттен 5,9 млрд теңге қаржы бөлу жоспарланып отыр.

■ ДЕПУТАТ

Сақтандыру және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту мәселелері туралы заң жобасында автокөлік иелері үшін жаңа мүмкіндіктер қарастырылған. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Дания Еспаева айтып берді.

Мәселен, ұсақ жол көлік оқиғалары кезінде және жаракат алмағандар болса, мобильді қосымшаны пайдаланып, сақтандыру төлемін алуға болады. Бұл ретте көлік иелері келтірілген шығынмен өзара келісуі керек. Осы орайда жол-көлік оқиғасы орнында көліктер мобильді қосымша арқылы суретке түсіріліп, бірыңғай дерекқор базасына жіберіледі. Осының негізінде сақтандыру компаниясы өтемақы төлейді. Депутат атап өткендей, енді жаңа тәртіп бойынша полицейлерді шақырмастан және сотқа жүгінбестен сақтандыру төлемін алу мүмкіндігі туып отыр.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов машина жасау саласын одан әрі дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Елімізде машина жасау саласында 3 мыңға жуық кәсіпорын бар. Саланың ең ірі секторларының бірі – автомобиль жасау – 33,1%. Алдағы жылдары елімізде құрастырылатын автомобильдердің модельдік қатарын кеңейту, сондай-ақ автокомпоненттер (бамперлер, орындықтар, автомобиль шынысы, пластиктен жасалған бөлшектер, шиналар, т.б.) өндірісін ретке келтіру жоспарланып отыр. Кеңес барысында саланың өзекті мәселелері де қаралды. Бұған қоса, ауыл шаруашылығы техникасын шығару саласында тиісті бағдарлама шеңберінде 20-дан астам жобаны іске асыру көзделген.

■ МИНИСТР

Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов Президентке еліміздегі криминогендік жағдай туралы мәлімет беріп, қаңтар оқиғасы кезінде жасалған қылмыстарды тергеп-тексеру, кінәлілерді анықтап, жауапқа тарту, ұрланған қаруларды заңсыз айналымнан алу жұмыстары жөнінде есеп берді.

Қауіпсіздік мәселелерін қоғаммен серіктестік орнату арқылы шешуге негізделген полицияның сервистік моделінің енгізілу барысы таныстырылды.

Министр Президентке Big Data талдау құралдарын пайдалана отырып, криминогендік жағдайды мониторингтеу үшін ИМ-нің Ахуалдық сараптама орталығының құрылғаны туралы баяндады. Жол жүру ережелерін қасақана бұзғандарды анықтауға бағытталған «Қорғау» деп аталатын жаңа бағдарламамен таныстырды.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

«ЕЛ БІРЛІГІ – ЖАҢАРҒАН

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының



Бірлік, татулық, бейбітшілік – біздің мызғымас құндылықтарымыз!

Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея сессиясын Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында өткізу игі дәстүрге айналғанын және мұның зор символдық мәні бар екенін атап өтті.

– Бірлік, татулық және бейбітшілік – біздің мызғымас құндылықтарымыз. Оның айрықша маңызды екенін қаңтар оқиғалары кезінде айқын сезіндік. Қазір қатерлі күндер артта қалды. Сол кезде қандай қауіппен бетпе-бет келгенімізді уақыт өткен сайын ұғына түсеміз. Шын мәнінде, біз мемлекеттілігімізді жоғалтып ала жаздадық. Халқымыз қаңтар қасіретінен сабақ ала білуі керек. Енді ондай жағдай қайталанбауы үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тиіспіз, – деді Президент.

орны мен рөлін анықтау, оны әрі қарай дамытудың бағытын белгілеу. «Біз әртүрліміз – біз теңбіз» қағидаты саяси жаңғырудың іргелі компоненті деген пікірді ұстанамыз, – деді Мемлекет басшысы.

ҮШ НЕГІЗҚҰРАУШЫ БАСЫМДЫҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің үш негізқұраушы басымдығын айқындап берді. Біріншісі – саяси ре-

зақстан халқы Ассамблеясы туралы» жаңартылған заңда көрініс табуға тиіс.

– Партиялық және сайлау жүйелерінің реформасы барлық азаматтың сайлау үдерістеріне қатысуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Іс жүзінде тұтас сайлау ландшафтын қамтитын жаңа партиялар пайда болады деп болжануда. Партиялық тізім, сондай-ақ бірмандатты округтар бойынша үміткерлерді сайлау Қазақстанның этникалық әралуандығын шынайы түрде көрсетеді. Сонымен қатар, этносаралық факторды саясиландыруға және бұл тақырып бойынша арандатушылық сипаттағы тапқылауларға да мүлде жол беруге болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бұл бағытта Ассамблея тарапынан түсіндіру жұмыстары кең көлемде жүргізілуі қажет деп санайды.

– Елімізде тұратын барлық этнос өкілдерінің жалпыазаматтық құндылықтарды құрметтеуі және өздерін Қазақстанмен байланыстыруы аса маңызды. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы біздің үлкен жетістігіміз. Оны жан-жақты нығайтуға міндеттіміз. Жаңа саяси жағдайда бейбітшілік пен келісімді және халықтың бірлігін аса маңызды санайтын азаматтардың партия ішіндегі дауысына басымдық беріледі, – деді Мемлекет басшысы.

Ақпараттық жұмыстарды күшейту және Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы әлеуетін арттыру мәселесі екінші басымдық ретінде аталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, еліміздің әрбір азаматы жұртшылықтың алдына шыққанда ұлттық мүдде мен қазақстандық патриотизм қағидаттарын басшылыққа алуы керек. Бұл – аса маңызды.

– Болған және болатын сыртқы

формаларды жүзеге асыру ісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін күшейту.

– Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасының жойылуы демократиялық сайлау стандарттарының сақталуына қатысты бірқатар мәселенің күн тәртібінен алынуына септігін тиізеді. Осы ретте Ассамблеядан ұсынылған сенаторлар жалпыұлттық интеграция мен этномәдени әралуандылық негізінде Қазақстандағы этникалық топтардың барлық мүддесін тиімді қарастыратын болады. Мұндай

«Жаңа Қазақстан – қарқынды түрде өзгеріп жатқан әлемде ұлттық бірегейлігімізді нығайтудың жолы».

«Біз жаңа мемлекеттік модельге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына көшеміз. Бұл сапалы түрде өзгеруді Екінші Республика деп атауға болады».

БАСТЫ ҚАҒИДАТЫМЫЗ: «БІРЛІГІМІЗ – ӘРАЛУАНДЫҚТА»

Мемлекет басшысы жаңа сын-қатерлердің туындауына ықпал ететін геосаяси ахуалдың ушығып тұрғанына тоқталды. Оның пікірінше, мұндай жағдайда еліміздің азаматтық бірегейлігін нығайтып, отаншылдық рухты көтеруге баса мән беру керек.

– «Бірлігіміз – әралуандықта» деген басты қағидатымыз ешқашан өзгермейді. Біз жас ұрпақты нағыз отаншыл азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Осы ретте саяси және қоғамдық плюрализмнің радикалды сипат алуына жол берілмейді. Әсіресе, азаматтарды кемсітуге, олардың ары мен намысын таптауға болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, Ассамблея құрылған уақыттан бері азаматтық бірлікті нығайтуға елеулі еңбек сіңірді.

– Қазақстан халқы Ассамблеясы жаңа жағдайда біздің бейбітшілік пен келісім жөніндегі саясатымыздың берік әрі институционалды тірегі қыз-

«Референдум әрбір азаматқа ел тағдырын шешуге тікелей қатысуға мүмкіндік береді және жан-жақты демократияландыру мен Жаңа Қазақстанды құру жолындағы бағытымызды нығайтады».

метін ажаратынына сенімдімін. Бүгінгі сессияның міндеті – Ассамблеяның саяси жүйені реформалау ісіндегі

на ұсынылатын үміткерлерді таңдаудың тиімді әрі ашық рәсімдерін әзірлеу қажет екенін атап өтті. Бұл мәселенің бәрі «Қа-

қақтығыстар азаматтарымыздың арасында ұлтаралық жанжал тудырып, жікке бөлінуге пайдаланылмауы керек. Оған жол беруге болмайды. Мұндай арандатушылықтар болып жатыр. Оны көріп отырмыз. Бірақ арандатушылар қайда тұрса да, қандай құжаттармен тұлғасын жасырса да, қалай құбылса да біздің бірлігімізге нұқсан келтіріп, мемлекетіміздің дербес саясат жүргізу құқығын бұза алмайды. Бейбітшілік пен тұтастық – басты құндылығымыз, онсыз болашақ жоқ екенін бәрі есте ұстауы керек. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ, болмайды да, – деді Президент.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІРЕГІ»

XXXI сессиясының жұмысына қатысты

Мемлекет басшысы біздің алуан түрлі мәдениетімізді танытатын бірегей ақпаратты кеңінен таратуға, ауқымы кеңейіп келе жатқан қазақтілді аудиториямен тығыз жұмыс істеуге шақырды. Оның пікірінше, Қазақстанның дамуына өзге этностардың қосып жатқан үлесі туралы мемлекеттік тілде айту өте маңызды. Осы бағытта жұмыс істейтін БАҚ-қа қолдау көрсетіледі.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ДИАЛОГТЫҢ ӘМБЕБАП МОДЕЛІ

Қасым-Жомарт Тоқаев келесі айда жаңа диалог алаңы – «Ұлттық құрылтайдың» алғашқы отырысы өтетінін хабарлады. Бұл жиын елімізді дамытудың өзекті мәселелерін талқылау үшін қоғамды жұмылдыруға бағытталған.

– Бұл жалпыұлттық диалогтың әмбебап моделіне айналады. Құрылтайдың құрамына депутаттар, ҚХА мүшелері, сарапшылар мен құқық қорғаушылар, барлық өңірдің, сондай-ақ Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестердің, бейресми ұйымдардың, бизнес қауымдастықтар мен өндіріс саласының өкілдері кіреді. Ассамблея Ұлттық құрылтаймен бірлесіп, тиімді жұмыс істеуі керек. Себебі, түптеп келгенде, екеуінің мақсаты – ортақ. Ауқымды өзгерістерге жастардың да белсене қатысқаны абзал. Кеше тұңғыш рет Қазақстан халқы Ассамблеясының Жастар сессиясы өтті. Оның ұсынымдарын мұқият зерделеу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Үшінші басымдық – құқық қорғау қызметін күшейту. Осы бағытта Ассамблея медиацияға негізделген кәсіби келіссөз жүргізушілердің бірегей институтын қалыптастыруға кірісті.

– Этномедиация оқу орталығын құру керек. Онда тұрақты оқу курстарын ұйымдастырып, аудандық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігі даярлықтан өтуге тиіс. Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым министрліктеріне Мемлекеттік басқару академиясымен, ҚХА Хатшылығымен және басқа да уәкілетті органдармен бірлесіп, осы мәселе жөнінде жүйелі ұсыныстар енгізуді тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

РЕФЕРЕНДУМ – АСА МАҢЫЗДЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНСТИТУТ

Президент Қазақстан қоғамның барлық саласы батыл өзгерістер жолына түскенін атап өтті. Осыған байланысты Конституцияға елдің саяси жүйесін түбегейлі өзгертетін толықтырулар енгізу туралы бастама көтерілді.

– Біз жаңа мемлекеттік модельге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына көшеміз. Бұл сапалы түрде өзгеруді Екінші Республика деп атауға болады. Жұмыс тобы Ата Заңның 33 бабына түзетулер әзірледі. Бұл – тұтас Конституцияның үштен бір бөлігі. Осы өзгерістерді енгізу туралы заң жобасы Конституциялық кеңестің қарауына жіберілді, жақын арада шешімін шығарады, – деді Президент.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев әзірленген түзетулердің тарихи маңызы бар деп есептейді. Бұл мемлекеттілігімізді дамытудың жаңа кезеңін білдіреді.

– Осы реформалар қолға алынған кезде Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын Парламент қарайды деп ойлаған едік. Бұл – қолданыстағы заңнамада орныққан рәсімнің бірі. Алайда, алдағы ауқымды әрі маңызды өзгерістер ел болашағына айрықша әсер етеді. Сондықтан мен Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде республикалық референдум өткізуді ұсынамын. Референдум – аса маңызды демократиялық институт. Алайда, Қазақстанда ол соңғы рет 1995 жылы қазіргі қолданыстағы Конституция бекітілген кезде өткізілді. Одан кейін «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң қабылданды. Бірақ содан бері Конституцияға төрт рет өзгертулер енгізілгеніне қарамастан, ол іс жүзінде қолданылған жоқ. Конституцияны жалпыхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту халық қалауының айқын көрінісі болады деп есептеймін. Референдум әрбір азаматқа ел тағдырын шешуге тікелей қатысуға мүмкіндік береді және жан-

«Біздің «Әртүрлі көзқарас біртұтас ұлт» деген қағидамыз мызғымайды. Патриотизмнің жоғары құндылықтарын ұлтаралық артықшылық сезімімен алмастыруға, достық пен бірліктің орнына бір-біріне деген өшпенділікке жол берілмейді».

ПРЕЗИДЕНТ ТОҚАЕВ КОНСТИТУЦИЯҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ БОЙЫНША РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУДІ ҰСЫНДЫ

«РЕФЕРЕНДУМ ӘРБІР АЗАМАТҚА ЕЛ ТАҒДЫРЫН ШЕШУГЕ ТІКелей ҚАТЫСУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ ЖӘНЕ ЖАН-ЖАҚТЫ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ МЕН ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒЫТЫМЫЗДЫ НЫҒАЙТАДЫ»



Референдум механизмі соңғы рет 1995 жылы қолданыстағы Конституция қабылданған кезде қолданылған



Конституцияға енгізілген осыған дейінгі төрт түзетудің барлығы Парламентте дауыс беруден өткен



Конституциялық реформа алғаш рет жалпыхалықтық тікелей халықтың дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады



Жұмыс тобы Негізгі Заңның 33 бабына түзетулер әзірледі

«Біз барлық жоспарымызды міндетті түрде жүзеге асырамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз! Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз!».

жақты демократияландыру мен Жаңа Қазақстанды құру жолындағы бағытымызды нығайтады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ДЕГЕНІМІЗ, ШЫН МӘНІНДЕ, ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Президент Жаңа Қазақстан дегеніміз, шын мәнінде, Әділетті Қазақстан екеніне тағы да тоқталды.

– Жаңа Қазақстан – қарқынды түрде өзгеріп жатқан әлемде ұлттық бірегейлігімізді нығайтудың жолы. Жаңа Қазақстан ұғымын сан-саққа жүзгіртіп, бұрмалауға болмайды. Азаматтардың бәрін ортақ іске жұмылдырмайынша, мемлекеттік аппарат та, қандай да бір саяси шешімдер мен экономикалық тетіктер де елімізді жаңартуға қауқарсыз. Жаңа Қазақстанды құру үшін жеке және қоғамдық құндылықтар жүйесін толығымен реформалау қажет. Біз непотизм мен патернализмге, сыбайлас жемқорлық пен коррупцияға түбегейлі тосқауыл қоямыз. Жаңа Қазақстан әділдіктің территориясына айналуы керек. Ол үшін тек заңның әріптерін ғана емес, рухын да ұстану қажет. Заңдар догма емес, ол азаматтардың өзекті мәселелерін шешу үшін жетілдіріліп отыруға тиіс. Заң, әділдік және тәртіп біздің бақуатты өмірімізді айқындайтын нақты факторларға айналады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев диалог мәдениетін қалыптастыру және қоғамда өзара түсіністік пен сенімді нығайту қажет

екеніне арнайы тоқталды. Мұның бәрі елдің жарқын болашағы мен халықтың әл-ауқаты үшін қажет.

– Біз көзқарастарымыз бен наным-сенімдеріміздегі айырмашылықтарға қарамастан, бір-бірімізді түсінуге және құрметтеуге тиіспіз. Бізді біріктіретін, күшейтетін, үйлестіретін ортақ құндылықтарға ұмтылуымыз қажет. Біздің «Әртүрлі көзқарас біртұтас ұлт» деген қағидамыз мызғымайды. Патриотизмнің жоғары құндылықтарын ұлтаралық артықшылық сезімімен алмастыруға, достық пен бірліктің орнына бір-біріне деген өшпенділікке жол берілмейді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы төзбеушілік пен «өзіміз және өзгелер» деп бөлінудің кез келген көрінісінің қатаң түрде жолын кесуге шақырды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы өзінің бірлігін сақтауға, нығайтуға тиіс. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана Жаңа Қазақстанды құра аламыз деп есептейді.

– Біз барлық жоспарымызды міндетті түрде жүзеге асырамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз! Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз! Сөз соңында сіздерді алда келе жатқан Қазақстан халқының бірлігі күнімен және Ораза айт мерекесімен құттықтаймын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ПІКІР

Бейбіт ИСАБАЕВ,
сенатор:

САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР ҚОҒАМНЫҢ ҚАТЫСУЫНСЫЗ ІСКЕ АСПАЙДЫ

Еліміз маңызды саяси өзгерістердің алдында тұр және бұл өзгерістер азаматтардың қатысуынсыз жүзеге аспайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында осы ойды жеткізді.

Ең бастысы – Конституцияға енгізілетін өзгерістер халық талқысына шығарылды және азаматтарымыздың шешімімен қабылданады.

Президентіміз жұмыс тобы Ата Заңымыздың 33 бабына өзгеріс енгізуді ұсынғаны туралы айтты. Бұл Конституцияның үштен бір бөлігі деген сөз. Сондықтан өзгерістер – ауқымды әрі маңызды. Осыны ескере отырып, Мемлекет басшысы республикалық референдум өткізуді ұсынды. Бұл – айтулы саяси оқиға деуге толық негіз бар. Себебі, мұндай референдум осыдан 27 жыл бұрын өткізілген еді. Ол кезде де қолданыстағы Ата Заңымыз қабылданған болатын. Содан бергі өзгерістер Парламенттің ғана қатысуымен орын алып келгені белгілі.

Жаңа Қазақстанда қоғамның пікірі – алдыңғы орында. Президентіміз өзінің осы бастамасы арқылы азаматтарды ел өміріне белсене араласуға шақырып отыр. Қасым-Жомарт Кемелұлының референдум әрбір азаматтың елдің тағдырын айқындауға тікелей қатысу мүмкіндігі дегені сондықтан. Бұл қадам, бір жағынан, билік пен қоғамның арасындағы әлсіреген сенімді нығайтуға да оң ықпалын тигізетіні анық.

Еліміз қаңтар оқиғасын басынан өткерді. Геосаяси ахуал да шиеленісіп тұр. Міне, осындай қиындықтарға қарамастан, Мемлекет басшысы Қазақстанды демократиялық құндылықтар негізінде нығайтуға мән беріп отыр. Президентіміздің тікелей бастамасымен қолға алынған реформалардың дені саяси трансформацияны көздейді. Конституциялық өзгерістерді тұтас ұлттың талқысына салу бастамасын да демократияға негізделген саяси жаңарудың белгісі деп қабылдаймын.

Максим РОЖИН,
«Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы»
қоғамдық бірлестігінің вице-президенті:

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ» БІРЛЕСІП ҚҰРУҒА ШАҚЫРАМЫН

Барлығымыз Жаңа Қазақстанды құруға атсалысып келеміз. Мен Кеңес мүшесі ретінде оның алғышарттарын өз көзіммен көрдім. Қазір болашағымызды айқындайтын тарихи бастамалар жүзеге асып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, шаруалар өте көп. Бірақ өзгерістер осымен тоқтап қалмайды. Жұырда кенеске ұсынылған өзгерістер жөнінде қоғамда үлкен талқылау жүріп жатыр. Бұл ұсыныстардың барлығы елімізді одан әрі демократияландыруға арналған нақты міндет. Оның негізінде сайлау жүйесі өзгереді. Өсіресе, мажоритарлық сайлау жүйесінің қайтып келгенін халық қуанып қарсы алып жатыр. Сонымен қатар, әкімдерді сайлап жатырмыз. Өзім халық арасында жүргеннен кейін барлығына куәмін. Ең бастысы, қолға алынған жұмыстар мен Ата Заңымыздың негізі саналатын азаматтардың өмірін көздейтін шараларды жүзеге асыруымыз керек. Ол үшін бірлік пен ынтымақ керек. Өзінің болашағын тұған еліміз Қазақстанмен байланыстыратын әрбір қазақстандық үшін еліміздің мәдениеті, тарихы, тілі бір деңгейде болуы керек. Бұлай дейтін себебім, құндылықтың біреуін ғана алып, біреуін елемей ол бірліктің белгісі емес. Белгілі ақын Қадір Мырза Әлі атамыз: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп айтқандай, бүгінде елімізде мемлекет тарапынан кез келген этносқа өзінің тілін, өзінің мәдениетін білуге барлық жағдай жасалған. Оның бір дәлелі елімізде орыс, өзбек, ағылшын, неміс тілдерінде жұмыс істейтін орта мектептер бар. Қазақ тілінің шын мәнінде жоғары дәрежеге жетуі үшін бірлесе жұмыс атқаруымыз керек. Осы орайда, «Қазақ тілі» қоғамы арқылы тілге арналған көрнекті жобаны бастап жатырмыз. Сонымен қатар, Ассамблеямен бірлесе отырып біз еліміздің әр қаласында «Сөзуар» сөйлесу клубтарын бастадық. Ол өз кезегінде көмегін тигізеді деп ойлаймыз. Алайда, қоғам қазақ тіліне көшіп жатқанда бұл талап мемлекеттік қызметкерлер үшін де күшейіп керек деп ойлаймын.

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





АЛАТАУДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Алатау ауданының тұрғындарымен кездесті



(Басы 1-бетте)

«Алматы әкімі лауазымына тағайындалғаннан кейін мен алғашқы жұмыс сапарымды Алатау ауданына жасадым. Қазіргі уақытта ауданда 318 мың адам немесе қала халқының 15,8%-ы тұрады, аудан қалада халық саны бойынша екінші орында», – деді Ерболат Досаев өзінің сөзінде.

Шаһар басшысының мәліметінше, Алатау ауданының даму әлеуеті зор. Оның аумағында Алматының индустриалды аймағы орналасқан, онда бүгінде 113,7 млрд теңге инвестиция тарта отырып, 19 жоба іске асырылды. Ағымдағы жылы 822 жұмыс орнын құрумен және 10 өндірісті іске қосу жоспарлануда, бұл бюджеттің салық түсімдеріне оң әсер етеді. Жалпы, ағымдағы жылы ауданда 8 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Халықпен кездесу барысында Ерболат Досаев ауданның негізгі проблемалық мәселелерін, соның ішінде сапалы ауысумен, кәрізбен және жол жабынымен, әлеуметтік инфрақұрылыммен, абаттандырумен, қоғамдық көлікпен және т.б. қамтамасыз етуді атады.

Әлеуметтік нысандардың жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін жаңа медициналық мекемелердің, мектептер мен балабақшалардың құрылысы жалғасады. Мектептерде орын тапшылығын төмендету мақсатында оқу жылының басында «Саялы» және «Томирис» шағынаудандарында 3300 орынды 2 оқу орны (№204, 205 мектептер) пайдалануға берілді. 4500 орынды тағы 3 мектеп бойынша құрылыс жұмыстарын бір жылға дейін аяқтау жоспарлануда. Мектепке дейінгі мекемелерде орын жетіспеушілігін қысқарту мақсатында биыл 2 балабақша – «Нұркент» шағынауданында 320 орынды және «Саялы» шағынауданында 160 орынды салу жоспарланған.

Халықты сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылы «Саялы» және «Қарасу» шағынаудандарында әрқайсысы 200 келушіге арналған отбасылық-дәрігерлік амбулаториялар салу жоспарлануда. Келесі жылы «Алғабас» шағынауданының 19 000 тұрғынына және «Теректі» шағынауданы тұрғындарының бір бөлігіне қызмет көрсетуге есептелген алғашқы медициналық-санитарлық көмек Орталығының құрылысын бастау жоспарланған. Стационарлық көмек қызметтерінің тапшылығына байланысты 2023–2025 жылдары көпбейінді аурухана салу жоспарлануда. Медициналық мекемеде перзентхана, диагностикалық және оңалту орталықтары болады.

Ауданның өткір мәселелерінің бірі бағыттық желілер мен жылжымалы құрамның жетіспеушілігі болып табылады. Қала басшысының мәліметінше, мәселені шешу үшін 6 шағынауданда 3 жаңа бағыт ашылып, 4 бағыт ұзартылып, күшейтіледі (№109, 129, 25, 57), сондай-ақ №115 бағыттың барлық жылжымалы құрамы жаңартылды. Биыл автобус аялдамаларының тапшылығын толығымен шешу жоспарланған – 50 аялдама кешені салынады.

Жайлылық жасау және қаланы абаттандыруды жақсарту мақсатында 2019 жылдан бастап Алматыда «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы іске асырылуда. Соңғы 2 жылда ауданда бос жатқан 60 учаскені абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілді – балалар ойын алаңдары, воркаут алаңдары, спорт кешендері, жаяу жүргіншілер және жасыл аймақтар салынды. Ағымдағы жылдың наурыз айында осы жоба аясында Алматы әкімінің ұсынысы бойынша Алатау ауданы үшін қаржыландыру көлемі 500 млн теңгеге артып, 1,8 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.

Биылғы жылы тұрғындардың ұсыныстары бойынша балалар және спорт алаңдарын, Момышұлы көшесі бойында көру алаңын, «Рахат-Мәдениет», «Саялы», «Қарасу», «Шапағат» шағынаудандарында футбол алаңдарын және жасыл аймаққа арналған суару жүйелерін салу бойынша 36 жоба айқындалды.

Тұрғындар жолдардың сапасы мен жөндеу, сумен қамтамасыз ету, кәріз, электр желілерінің жағдайы және т.б. мәселелерді көтерді.

Халықпен кездесу 3 сағаттан астам уақытқа созылды. Қала басшысы тұрғындардың 150 өзекті сұрақтарына жауап берді. Кездесу аясында нақты тапсырмалар берілді, әкімдіктің жауапты бөлімшелері бекітіліп, мерзімдері белгіленді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қаланың барлық аудандарының тұрғындарымен тоқсан сайын кездесетін болады.

Еске салсақ, Алматы қаласы әкімінің халықпен алғашқы кездесуі 14 сәуірде Бостандық ауданында өткен болатын.

Алатау ауданы басқа аймақтармен салыстырғанда беріректе – 2008 жылы ғана құрылған. Жаңадан салынған қалашық десек те болады. Сондықтан үш сағаттан астам уақытқа созылған қала әкімі Ерболат Досаевтың аудан тұрғындарымен кездесуінде көтерілген басты мәселе абаттандыру тақырыбы болғаны орынды құбылыс. «Мәдениет», «Алғабас», «Ақбұлақ» сынды ықшамаудан тұрғындарының сұрағы мен өтінері бір: табиғи газ, кәріз жолдарын өткізу, жарықтандыруды қалыпқа келтіру, асфальт төсеу, қоғамдық көлікті қолжетімді ету. Көп сұрақтар қайталанып қойылғандықтан, біз әр ықшамаудан бойынша айтылған мәселелерді топтастырып беруді ұйғардық.

«МӘДЕНИЕТТІҢ» СҰРАРЫ КӨП

«Мәдениет» ықшамауданының Жайна Сыйлықбекқызы есімді тұрғыны аталған аймақта қоғамдық көлік мәселесі өзекті екенін атап өтті:

– 2022 жылы қаңтардан бастап мәдениет үй кешені беріле бастады. Қазіргі таңда №122 автобус қызмет етуде, ол өте шағын, «Рахат» ықшамауданынан іші лық толы келеді, жүру интервалы 30 минуттан. Ал бізде көпбалалы аналар мен мүгедек жандар көп тұрады. Автобуска сыймай қиналатынымызды айтқым келеді. Бұл мәселе қашан шешіледі?

Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Ғани Әуезханұлы аталған аумақта жүретін №122 автобус саны 15-ке дейін көбейтіліп отырғанын, келесі айдың ішінде оның санын 17-ге жеткізу жоспарланғанын хабарлады.

– 15 маусымға дейін көп сұрақтарды шешеміз. Осы жолы 150 жала автобуска тапсырыс бердік, оның 100-і келді, маршрут бойынша бөліп жатырмыз, жүру интервалын 10–15 минутқа қысқартамыз, – деп жауап берді Ерболат Досаев.

Ғани Әуезханұлының айтуынша, келген 150 автобустың ішіндегі алтауы «Мәдениет» ықшамауданынан Солтүстік айналма жолы арқылы Бекболат көшесімен соңғы аялдамаға дейін жүреді. 12 метрлік жаңа автобустарды 4 маусымда шығару жоспарланған. Одан басқа, жаз айларында метроның екі станциясын қосуға байланысты, тағы бір маршрут қосылатынын жеткізді.

Тағы бір тұрғын 3 жылдан бері табиғи газды қосуды сұрап жүргенін, 350 үй газсыз отырғанын айтып шағымданды. Аудан әкімі Азамат Қалдыбеков аталған аумақта үйлердің көп салынуына байланысты келендіктер болғанын айтып, қазір олардың «ҚазГазТранс Аймақтың» жаңа бағдарламасына енгізілгенін жеткізді. Ерболат Досаев өз кезегінде 350 үйді бағдарламаға қосуды жеке бақылайтынын айтты.

Келесі бір мәселе – сын көтермейтін жолдар. «Мәдениет» тұрғыны Момышұлы көшесіне дейін жолдың опырылып жатқанын, көшеге кірер жол жоғын айтып, бағдаршам, жаяу жүргіншілер жолы белгіленбегендіктен қауіпті жағдай туындағанын жеткізді.

– Сіздің тапсырмаңызға сәйкес, біз қазіргі уақытта көпқабатты үйлер ауданында аялдамалар мен бағдаршамдарды салып жатырмыз. Мамыр айында бағдаршам нысанын іске қосамыз. Тұрғындардың өтініші бойынша Момышұлы көшесінің бойында тағы үш бағдаршам объектісін салу қажет, бюджеттік өтінім берілді. Биыл жобаланып, келесі жылы саламыз. ҰАҚ ауданында көпір астында орналасатын уақытша жаяу жүргіншілер өткелін ұйымдастырамыз. Аялдамаларды көпірге жылжытамыз. Бұл жұмыстардың барлығын бір ай ішінде аяқтаймыз. Қара жолға келер болсақ, келесі аптада жолды орташа жөндеуді бастаймыз, сәйкесінше уақытша топырақ жабылады, – деп түсіндірді Ғани Әуезханұлы.

Алматы қариялары да белсенді. Бір әжей ықшамаудан бойынша біраз кемшіліктер айтылып жатқанын ескеріп, өзінің шағымын айтты:

– Жаңа біраз мәселе айтылды. Енді бізде су мен жарықтандыру, жол мәселесі тұр. Одан кейінгі мәселе – үй-



САУАЛ КӨП,

лерді бұзу. Соны бізге анықтап айтып берсеңіздер, – деп сұрақ қойды.

– Су және басқа желілерді дайындауға осы жылдан бастап арнайы жобаларды дайындап жатырмыз. Бүгін қолымызда қағаздар жоқ. Біз жылдың соңына дейін қағаздарымызды дайындасақ, шілдеден жұмысты бастап кетеміз. Аудан әкімі «Мәдениеттің» сұрақтарын маған жинап берген. Соны бірге қарап, Мұхит Бақытұлы алдағы 5-6 маусымды сіздерге өзі жеке келеді, – деді қала әкімі.

Үйлерді бұзу мәселесін қала әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаев түсіндірді. «Біз қала стандарттары бойынша ЕТЖ әзірледік. Бірақ өкінішке қарай, адамдар бұл учаскелерді облыс болған кезде сатып алған. Біз қазір тізімді қолға аламыз. Біз мұнда заманауи, жаңа аудан салуды жоспарлағанбыз, алайда үйлер салынып қойған. Оларды қазір сатып алатын қаражат жоқ, жалпы бұл мәселе бойынша жиналыс ашып, арнайы талқылаймыз», – деді ол.

«ЗЕРДЕЛІ» ЗЕРЕКТІЛІГІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНДІ

Кездесуде «Зерделі» ықшамауданының тұрғындары ерекше көзге түсті. Түйткілді сұрақтардың бәрін тізіп, аудан тұрғындары атынан бір ғана өкіл жіберген. **Рахымова Дана есімді белсенді сауалдардың барлығын дерлік оқыды:**

1. Қашан «Зерделіде» 500 орынды мектеп салынады?
2. Біздің аудандағы 9 қабатты үйлерді нығайту жұмыстары қашан басталады?
3. Жол үсті өткелдерде электрлік пандустар жұмыс істемейді.
4. «Зерделі» ықшамауданында қашан бейнебақылау камералары орнатылады?
5. №19 автобустың маршрутын №109-дікіндей ұзартуды сұраймыз.
6. Момышұлы бойында жасыл желектер қурап кеткен, оларды не істейміз?
7. «Зерделіде» №191 үй құлайын деп тұр, оны қашан қалыпқа келтіреді?
8. Нығайтылған нысандар қатарына №179 үй кірмей қалған.
9. Жарықтандыру жүйесін өзгерту керек.
10. Далада босып жүрген жануарлар мәселесі.

– Мен бұл аудан тұрғындарымен кездесуге бардым. Әр сұраққа жеке жауап берсем, біз мектеп салуды бастаймыз, жобалық-сметалық құжаттаманы аяқтап жатырмыз. Шілде-тамыз айларында біз оны аламыз, күзде оны аяқтаймыз деп үміттенеміз.

Аудан әкімі көтергіштерді аяқтайды, қаражат жеткілікті. Мен оған тапсырма бердім. Алатау ауданы бойынша біз 12 көтергішті ретке келтіреміз. Жасыл кеңістіктер туралы біз қазіргі уақытта конкурс өткізіп жатырмыз. Мамыр айында ол аяқталады және суару жүйесі сол уақытта пайда болады, – деп жауап берді әкім.

– Біз қазір ҚазҚСҒЗИ ұсынымдарына сәйкес жобаны әзірлеп жатырмыз және осы жылдың соңына дейін ішкі нығайтуды өткіземіз. Биыл біз 7 үйді жоспарлап, аяқтаймыз. Ал кезекте екі жыл тұрғандар бойынша жұмысты да аяқтаймыз және «Зерделі» толықтай шешіледі, – деп жауап берді әкімнің орынбасары Мұхит Әзірбаев.

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алатау
ауданының
әлеуметтік-
экономикалық
көрсеткіштері

НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР	
	318 463 адам саны
	40 700 үй, жеке сектор
	2% жылдық «Алматы Бизнес» аясында қаржыландыру
	122 500 теңге жастар практикасы бойынша жалақы есті
	10 495 гектар, аумағы
	655 КҚТУ 27 990 пәтер
	1,2 млн. теңге бизнес ашу үшін етеусіз несиелер
	7 942 2022 жылы жаңа жұмыс орындары ашылады
	10 жаңа өндіріс 822 жұмыс орнын құрумен





Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖАУАП ДӨП БОЛДЫ

«АЛҒАБАСТАҒЫ» ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

«Алғабас» ауданы тұрғындары кездесу басталысымен су мәселесіне ерекше назар аударуды сұрады.

– Мен «Алғабас» ықшамауданы, Жаңақұрылыс деген жерден келіп тұрмын. Онда 360 шаңырақ бар. Біздің қиылып жатқанымыз су мәселесі. Бір жеке кәсіпкер бізге су берді, бірақ оның шамасы келмей жатыр. Былтыр жазда судан көрген қорлығымыз өте қиын болды. Енді көшемізге келіп құбырларды көміп кетті, бірақ «суды қазір бермейміз, 2 жылдан кейін» деп қорқытып жатыр. Ағайын, бірінші адам баласына ауа керек, екінші су керек. Қария басыммен келіп тұрмын, сенен сұрайтыным, биыл қалай да болса осы суды қостырып берші, – деді әжей.

Қала әкімі қаражат бөлінгенін айтып, енді барлығы мердігер компаниялардың тезірек жұмысты аяқтауына ғана байланысты екенін жеткізді.

Ирина Рогозина есімді тұрғын әкімді ықшамауданға шақырып, тексеру жүргізуді өтінді:

– Сізді біздің шағынауданымызға не болып жатқанын көру үшін шақырғым келеді. Қаланың барлық мердігерлік ұйымдарын тексеру үшін қала прокуратурасының қатысуымен тексеру жүргізуді сұраймыз. Дұрыс таптау мен топырақты толтыру жүргізілмегендіктен, бізде машиналар шұңқырларға құлап жатыр. Асфальттің сапасын айтпай-ақ қояйын.

– Аудандардағы жұмыс ауқымы өте үлкен. Мен күндердің бір күнінде сіздердің аудандарыңызға ескертпей тексеріске келемін. Ең бастысы – барлық мәселелерді шешу. Біз жолшылармен және басқалармен айналысамыз, – деп жауап қайтарды қала әкімі.

«ҰЛЖАНДЫҚТАР» НЕ ДЕЙДІ?

Қоғамдық көлік, қолайлы орта мәселесі «Ұлжан» ауданы тұрғындарын да алаңдатып болып шықты. Айгерім есімді тұрғын автобустар жетіспеушілігі мен бағдаршам жоғына шағымданды:

– Бізде «Ұлжан-2» ықшамауданында 1 ғана маршрут жүреді – №132 деген, оның өзі екеу ғана. Қашан сол маршрут көбейеді? Екінші сұрағым, бізде бірде-бір аялдама жоқ, қашан орнатылады?

Сұраққа Ғани Әуезханұлы жауап берді:

– Біз осы жылдың соңына дейін тапшы болған 50 аялдаманы 125 млн теңгеге салып бітіреміз. Сіздің тапсырмаңыз бойынша №132 маршрутты 6 құрамға дейін көбейтіп отырмаз. Бекболат көшесі, Өтемісұлы көшесін «Ұлжан-1», «Ұлжан-2» ықшамаудандарымен айналып өтіп, ШАЖ-на дейін шығару көзделіп отыр. Аялдамаларға келер болсақ, мердігер ұйым бүгінгі күнге анықталды, осы жаз айларында барлық аялдама салынып бітеді.

«Ұлжан» ықшамауданында баспаналарын заңдастыра алмай жүргендер бар.

– «Ұлжан» ықшамауданы №96 үйдің тұрғынымын. Менің сұрағым – бізде LED өтіп жатыр. Соның арқасында берілген мемлекеттік актілеріміз заңдаспай жатыр. Онда оны не үшін берді, үйді заңдастырмайтын болса? Үй заңдастырылмағандан кейін ешбір ана жәрдемақы ала алмайды, баланы сабаққа апара алмайды. Содан кейін

жемқорлыққа барып жатыр. Мен төрт баламды мектепке беру үшін әр үйге тіркеуге тұрғыздым.

Екінші сұрақ, бізде соңына дейін заңдаспаған үй учаскесі бар. Қазір бос тұр. Жыл сайын үш-төрт адам келіп, «менің жерім, менің жерім» деп тұрады. Сол бос орынға біздің балаларға ойын алаңын неге салмасқа? – дейді аудан тұрғыны.

– Біріншіден, ең қиыны, мен актінің қайдан келгенін білмеймін, Алматы облысынан ба, осы жерден бе. Сот шешімі болса, бірлесе қараймыз. Сотсыз мұндай шешімдерді қабылдай алмаймыз. Өйткені, бұл үйлерде жалғыз LED емес, басқа да сұрақтар жетіп жатыр. Мұхтар Бахытұлы айтты ғой, 600-ден астам сондай қағаз жатыр, соның бәрін бірге қарап жатырмыз. Арнайы комиссия құрдық.

Ал балалар алаңы бойынша сұраққа Алатау ауданының әкімі оң жауап қатып, биыл қыркүйек айына дейін салынатынын айтты.

СҰРАҚ ҚАНА ЕМЕС, НАҚТЫ ҰСЫНЫС ТА БАР

«Шаңырақ» ықшамауданы тұрғындары бұл аумақта басты проблема кәріз жүйесін жүргізуге байланысты екенін айтады. Толыққанды ақпаратты Тымбаева Айжан атты тұрғын айтып берді:

– Мен «Шаңырақ 2» ықшамауданының тұрғынымын. Кәріз туралы сұрақ. 2018 жылы 7 кәріздік сорғы станциясы сатып алынып, жеткізілуі тиіс болатын. Қазіргі уақытта олар жұмыс істеуі керек, бірақ жұмыс істемейді, өйткені бұл станциялар орнатылуы керек 7 орын жеке тұлғаларға тиесілі. Жер қатынастары басқармасы бұл жерлерді қалай алу керек, бұл станцияларды қысқа мерзімде қалай салу керек? Әкімдіктен бұл процесі тездетуді сұраймын.

Ұсыныс – канализациялық көліктерді сатып алып, жүргізушіні жұмыспен қамту орталығынан алып, кезекші нұсқада әрбір көшені тазартуыңызды сұраймыз. Өйткені, қазір кәрізді тазалауға аптасына 5 мың төлеу мүмкін емес. Тазаламасаныз, экологиялық апат болады.

– Алатау ауданында сондай стансаның 18-ін істеу керек еді. 18-інен көбісі істелмеген, жұмыс істемей жатыр. Осы жылдың ішінде Жер басқармасымен бірге жанындағы орын мәселесін шешеміз. Басқа жер жоқ болғаннан кейін олармен келісу керек. Менің тапсырмам бойынша, осы шілдеге дейін әр учаскімен келіссөздер жүргізіледі. Содан кейін қосымша қаражатқа жерлерді сатып аламыз, басқа шешім жоқ. Өйткені, басында салынған 5 стансаның 4-еуі жұмыс істемейді. Жақында біз ақаулы актілерді дайындап, соларды бастаймыз. Бізде құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Бюджетті нақтылағанда ақша беремін. Бір ғана мәселе, ол жердің мәселесін шешу үшін жер иелерімен келісіп алуымыз керек. Екіншіден, кәріз таситын көліктерге қатысты, сорғы станциялары сатылмай тұрып, өз қаражатымызға бірнеше техника алуды тапсырамын, – деп жауап берді әкім.

БАЗАРЛАР ОРТАСЫНДА ҚАЛҒАН «ШАПАҒАТ»

Бұл ықшамауданның тұрғындары абаттандыру мәселесінен бұрын, базарлардың арасында тұзаққа түскендей халде

жүргендерін жеткізді. Бір емес, екі тұрғын осы мәселені көтерді.

– Біздің «Шапағат» ықшамауданы қақпанға түскендей – айналасы базар. Бізге кіру мүмкін емес. Негізгі кіреберіс Рысқұлов даңғылынан шығады. Біз әкіммен қайта-қайта кездескенбіз, ол базарлардың шекарасын белгілеуге уәде берген. Біздің маңайда заңсыз автотұрақтар мен такси жүргізушілері көп. Күзде Полиция департаментінің өкіліне «Сергек» бейнебақылау камераларын іліп қоюды сұраған едік, жұмыс неге жүргізілмей жатыр?

Екінші тұрғын шағымы жоғарыдағы сөздерге дәйек болғандай.

– Биянху көшесінде «Заря-Востокка» кіреберісте «Строй сити» базары бар, сол базардың жан-жағындағы саудагерлердің жайма базарының жайылып кеткені сонша, көліктер жаяу жүретіндерге мүмкіндік бермейді. Осыны бір ретке келтірсеңіз.

Қала әкімі Ерболат Досаев тұрғындар базарды жабуға ниет білдірсе, тиісті өтініштерін жинап, әкімшілікке тапсырсын деген ұсыныс білдіріп, ал жайма базардағы сауда-саттықтың қаншалықты заңды екенін тексеруге уәде берді.

ТҰСАУКЕСЕР

Қала әкімінің аудан тұрғындарымен кездесуі ерекше өтті. «Ұлжан» ықшамауданының тұрғыны өзінің шөбересін әкеліп, әкімнен тұсауын кесуді өтінді.

«Сіздің біздің ауданға келіп, халықпен кездесіп жатқаныңызды ести сала, ауруханадан сұранып келген жағдайым бар. Жүрген жолыңызға нұр жаусын, келіп, кездесу өткізіп жатқаныңызға рахмет. Бәрі нәрестеден өсіп-өнеді ғой, ғарышкер де, әкім де, маман да, сондықтан халық қарсылық білдірмесе, сізге өтініш білдірейін деп едім. Ерболат балам, менің бір шөберем бар еді, соның тұсауын кесіп беріңізші осы жерде», – деп өтінішін білдірді қария.



Әкім қарияның сөзін жерге тастамай, баланың тұсауын қазақтарға тән бар әдет-ғұрыпымен, сән-салтанатымен кесіп, мұндай өтініш – оған артылған үлкен сенім екенін айтып, алғысын білдірді.

Қорытындылай келе айтарымыз, қала әкімі тапжылмастан үш сағат бойы халықтың жүзден астам сұрағына жауап берді, өтініштер мен ұсыныстарына барынша құлақ асуға тырысты. Негізгі түйін мынадай: кәріз жүйелері орнатылғанды, арнайы көліктер жергілікті бюджеттен сатып алынады, газ мәселесі «КазГазТранс Аймаққа» жүктелді, су өткізілмеген аумақтар «Алматы Судың» жаңа бағдарламасына енгізіледі, жолдарды жөндеу инженерлік жүйелер толығымен қосылғаннан кейін жүргізіледі, бос орындарға қыркүйектің соңына дейін балалар алаңдары салынады, қалаға қосымша 150 автобус алынады, маршруттар кеңейтіледі, жыл соңына дейін Алатау ауданында 50 аялдама салынады, жол үсті өткелдерінде қала бойынша 18 лифт жөнделеді, ағаштарды суару жүйесі жанданады.

Дайындағандар
Динара МҰРАТ, Айжан БҮРКІТБАЕВА.

ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

756 км су құбыры, 516 км кәріз құбыры, 706 км автожол

АЯҚТАЛМАҒАН ЖОБАЛАР

7 шағын аудан

- 14 аумақ
- Ақбулақ
- АЗТМ-Алғабас
- Айгерім-2
- Өжет
- Самғау
- Шаңырақ-1

18

кәріз сорғы станциясы қажет етеді

- Көк-Қайнар – 1 КНС
- Томирис – 4 КНС
- Самғау – 2 КНС
- Өжет – 4 КНС
- Шаңырақ-2 – 7 КНС



ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

780 км электр желілері, 750 км жарықтандыру / 80%

ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН ДАМУ

3 ш.а., желілердің тозуы

- Боралдай
- Рахат-Мәдениет
- Теректі

мәселені жүйелі түрде шешу үшін жарықтандырылмаған үлгілердің, кешелер мен аулалардың тізімі қарастырылуда





ФЕСТИВАЛЬ

«Қызғалдақ» фестивалі – Алатаудың баурайы Алматыны қызғалдақтың «тарихи отаны» ретінде таныту және әртүрлі мәдени фестивальдар орталығына айналған сүйікті қаламыздың мәдени имиджін көтеру мақсатындағы ауқымды жоба. Сонымен қатар, көрме өскелең ұрпақтың өз қаласына деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімдерін арттыруға, жастар шығармашылығын дамытуға бағытталған.

Досбол
АТАЖАН

Фестиваль Орталық мәдениет және демалыс саябағының сахна айналасында өтті. Мерекелік шараға келген қонақтар мен көрермендердің көңіл күйін көтеру үшін сахна фестиваль тақырыбына қарай көктем стилінде безендіріліп, үлкен қызғалдақ пішіндерімен көркемделді. Саябақта қидырып жүрген кездейсоқ адамдарды да, фестивалге арнайы келген қала тұрғындарын да әсем әуен мен сахнаны айнала қойылған суретшілердің туындылары қарсы алды.

– Қызғалдақтың тарихи отаны саналатын алпауыт мекен Алматы қаласында «Қызғалдақ» фестивалін өткізу – біз үшін міндет. Бұл шаһарымызда тұңғыш рет өткізіліп жатқан ауқымды жоба. Фестивальде 4 аталым бойынша байқау өтіп жатыр. Барлығы 400-ден астам өнерпаз қатысуда. Әу баста қатысушыларға 400 мың көлемінде сыйақы қарастырылған. Алайда байқауға ниет білдірушілердің көп болуына байланысты қосымша 200 мың қарастырылып, жалпы көлемі 600 мың болатын сыйақы жас таланттарға беріледі. Мұндай игі бастамалар арқылы қала жастарын шығармашылық пен өнерге баулығымыз келеді, – деді ұйымдастыру алқасының мүшесі Ақжан Құмар.

Биылғы Балалар жылы аясында алдын ала жарияланған «Мәнерлеп оқу», «Балалар суреттері», «Жас суретші» және «Флорист жұмысы» номинациялары бойынша жалпы көлемі 400-ден астам өтінім түскен. Аталмыш жоба аясындағы байқау Алматы қаласының жоғары және арнаулы білім беру ұйымдарының студенттері мен орта білім беру ұйымдарының оқушылары, сондай-ақ, кәсіби флористер арасында өткізілді. Ақтық кезеңге 225 қатысушы өтіп, кәсіби әділқазылар сараптамасынан кейін мерекелік шара барысында марапатталды.

– Бұл біздің балаларымыз үшін өте ерекше фестиваль болды. Балаларды қолдап, олардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге,

өнерге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған мұндай шаралардың өтуі көңіл қуантады. Байқаудың ұйымдастырылу деңгейі де өте жақсы. Осындай игі іс-шараны қолға алып, өткізіп жатқан ұйымдастырушыларға алғыс білдіремін, – деп Назым Саламатова есімді ата-ана ағынан жарылды.

«Мәнерлеп оқу» сайысынан бас жүлдені жеңіп алған жас өнерпаз Мәдина Ерлікқызы да өзінің қуанышын жасырмады:

– Мен Мұқағали атамның «Көктем» өлеңін және өз шығармашылығымдағы туындыларды, жалпы алғанда 8 өлең оқыдым. Қаниша талантты балалар қатысқан байқауда өзімді көрсете алғанымға қуаныштымын, – деді ол.

Фестивальдің тағы бір ерекшелігі – «Флорист жұмысы» номинациясына арналған байқаудың республика бойынша алғаш рет өткізілуі болды.

– «Флорист жұмысы» аталған байқауымыз «Қызғалдақ» фестивалі аясында елімізде тұңғыш рет өткізіліп отыр. Бұл үрдісті бірден-бір бірінші болып бастап отырған қалалық әкімдіктің «Рухани жаңғыру» орталығы деп айта аламыз. Енді осындай мерекелік шараларды жылы сайын өткізу жоспарда бар, – деді Ақжан Құмар.

Айта кеткен жөн, фестивалге қатысушы флористер сахна жанынан көрме жасап, сұлулыққа қызыққан барлық көрермендердің алдында өздерінің «Көктем» тақырыбындағы гүл шоқтарын жинады.

Ашық аспан астындағы «Қызғалдақ» фестиваліне аталған номинациялардан бөлек, бірқатар шығармашылық өнер шеберлері де қатысты. Атап айтқанда, сәндік қолданбалы өнер, тігін шеберлері, мүмкіндігі шектеулі ерекше талантты балалар өз жұмыстарын көпшілікке паш етуге мүмкіндік

алды. Аталған таланттардың шалқар шабытына шектеу қоймай қолдау көрсетіліп, еңбектерін бағалап, арнайы сыйлықтар табысталды. Олардың қолынан шыққан туындылар сахна алаңын қоршай, көрме ретінде қойылды. Барлық фестивальге келген көрермендер жас өнерпаздардың суреттерін, қолөнер туындыларын тамашалай алды. Сондай-ақ, шара қонақтары үшін «Қызғалдақ фестивалі – 2022» жазуы орнатылған фотозона жасалды.

Жас өнерпаздар мен байқауға қатысушылар марапатталған соң, ашық аспан астындағы «Қызғалдақ» фестивалі Гала-концертке ұласты. Көрермендерге арналған мерекелік бағдарламада ұлттық нақыштағы би де, заманауи жанды дауыстағы ән де, сахнада тұрып сурет салу өнері де, кішігірім сахналық қойылымдар да болды. Концерт барысында байқау жеңімпаздары да өз өнерлерін көрсетті: өлең

оқып, осы шараға арнайы жазылған әндерін орындады.

Көрмеге қойылған жұмыстар фестивалге ерекше сән бергені сөзсіз. Шығармашылық туындылардың ішінде қарапайым қаламнан бастап суретшілердің арнайы бояумен салынған суреттер және сәндік қолданбалы өнерде қолданылатын материалдан жасалған еңбектер де болды. Фестиваль тақырыбы «Қызғалдақ» болған соң, барлық қатысушылар өз туындыларында көктем бейнесін, әсем гүлдердің образын көрсетуге тырысқан.

Жас суретшілердің жұмыстарында қызыл-жасыл гүл суреттерінің көп екені бірден көзге түседі. Алайда, шығармашылық туындылардың ішінде өзгеден ерек айрықша тұрған суреттер де болды. Сондай жұмыстардың бірі ретінде 12 жасар Алим Дивазовтың «Ғарыш қызғалдақтары» деп аталған суретін айтуға болады. Қылқалам шебері ғарыш кеңістігінде сан мыңдаған жұлдыздар мен планеталардың арасында қалқып жүрген қызғалдақты салу арқылы көктемнің тылсым, сиқырлы бейнесін жеткізген. Ерекше туындылардың қатарында 15 жасар Гүлмира Доскенованың «Көктем сұлулығы» суретін айтпай кетуге болмайды. Жас суретші қызғалдақ толы тау бөктерінде тұрған, басында сорабасы бар (қыздар киетін тақия тәріздес баскиім) қазақ қызын өте шебер бейнелеген. Одан бөлек, қызғалдақ толған далада вальс билеген ғашықтардың суреті, Алматының сұлу ғимараттарын қоршай өскен гүл суреттері және өзге де туындылар көрмеге көрік берді.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?

«ДОСТЫҚ ТУРАЛЫ ӘН»
МУЗЫКА ФЕСТИВАЛІӨтетін орны:
Абай алаңы.
Күні:
1 мамыр.«ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ЦИРКІНІҢ»
КӨШПЕЛІ ШОУ-БАҒДАРЛАМАСЫӨтетін орны:
Хайуанаттар паркі.
Күні:
1 мамыр.«БІРЛІГІНЕ БЕРІК ЕЛ»
МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТІӨтетін орны:
«Алатау» дәстүрлі өнер театры.
Күні:
1 мамыр.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Қазақы стильдегі гүл шоқтары

«Қызғалдақ» фестивалінің «Флорист жұмысы» байқауына қатысушылардың бірі Гүлзада Тымбаевадан флорист жұмысының қыры-сыры туралы сұраған едік. Қысқаша сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– Фестиваль мен байқаудан қандай әсер алдыңыз?

– Алматыда өте керемет мерекелік шара өтуде. Айналадағы адамдардың барлығы шаттанып, көңілді жүр. Нағыз көктемнің лебі сезіледі. Бүгінгі байқауға қатысу үшін мен арнайы Гвардейский қаласынан келдім. Фестиваль аясында әскери қаланың атынан шыққаныма қуаныштымын.

– Байқауға сіз қандай гүл шоғын ұсынасыз?

– Алматы үлкен қала болған соң, бұл жерде еуропалық стильде безендірілген үлкен гүл шоқтары танымал. Ол бүгінгі сайыста да байқалады. Сондай-ақ, флорист мамандығында негізінен орыс не өзге ұлт өкілдері жұмыс істейді. Шебер қазақ флористерін сирек кездестіресіз. Сондықтан нарықта қазақы стильдегі гүл шоқтарын көре бермейміз. Осы себепті, «Флорист жұмысы» номинациясына мен қазақтың ою-өрнектерімен әрленген гүл шоқтарын ұсынамын. Өз жұмысымда көктем белгісі ретінде қабылданатын гүлдерді – қызғалдақ, альстромерия және хризантеманы қолдандым. Шараға қатысып жатқан жастарға осы туындымды көрсету арқылы, қазақы стильдегі гүл шоқтарын танымал еткім келеді.

– Өзіміздің сұлулығымыз барда неге оны өзгенде іздейміз?

– Флорист мамандығына қалай келдіңіз?

– Гвардейский әскери қала болған соң, ол жерде гүл де, гүл сататын дүкендер де болған жоқ. Әскери адамдар анда-мында еркін шыға алмайды. Сондықтан жұбайым екеуміз қалада бірінші болып гүл дүкенін ашайық деп шештік. Ол үшін мен арнайы флорист мамандығы бойынша оқу оқып, тәжірибе алдым. Бүгінгі күні жұмыс істеп жатқанымызға 3 жыл болды. Алматыда да екінші гүл дүкенімізді аштық. Алматы тұрғындары мейлінше үлкен гүл шоқтарын жақсы көреді, ал әскери адамдар гүлдің шағын, жинақы болғанын қалайды.

– Көктемгі кезде қандай гүл шоқтары сұранысқа ие?

– Маусым қысқа болғандықтан, көктемнің басында қызғалдақ жоғары сұранысқа ие болады. Одан кейін альстромерия және хризантеманы айтуға болады. Ал роза гүлінің қай кезде де трендтен түспейтіні белгілі ғой.

– Гүлзада ханым, сұхбаттасқаныңыз үшін көп рахмет. Байқау мен алдағы бастамаларыңызға сәттілік тілейміз!



ПОЭЗИЯ

Жыр шулақ

Жарқырап күн шығып, айналаны түрлі-түсті кілемдей жауып, дала гүлдеген көктемде Жүмекен Нәжімеденовтің «Сәуір туды, бұлттар аппақ, су аппақ...» өлеңі ойға оралады:

Сәуір туды, бұлттар аппақ, су аппақ,
Шұлғиды алқап әлдекімді қуаттап.
Жайрап жатты осынау ұлы дүние
Кіп-кішкентай күн көзіне шуақтап.

Жолдың түгел ашылуын күтпелік:
Секір, толқын, шың, басынан тік келіп!
Дәл қасымда еміс-еміс сыбыр бар,
Жанбасымда шалғын жатыр бүктеліп.

Мен де титтей бір шыбық боп көктемдім.
Көктем, көктем, өлеңімді төк менің!
Мойындамай Алау тұр жалғыз-ақ
Бауырындағы Алматының көктемін.

ТАЛБЕСІК

КӨКТЕМНІҢ КӨРКІ

Алматы тұрғындары Оқушылар сарайының «Экология және биология» бөлімі өткізетін «Көктемнің көркі – қызғалдақ» атты фестивалін жыл сайын тағатсыздана тосады. Биыл да «Жас натуралистер станциясының» ауласы қала тұрғындары мен қонақтарына лық толып, нағыз табиғат мерекесіне айналады.



Рая
ЕСКЕНДІР

Біздің байтақ даламызда қызғалдақтың жүздеген түрі өседі. «Қазақстан – жабайы қызғалдақтың отаны» атануы да тегін емес. Дәл осы күні мерекеге қатысушылар шаһарымызда да қызғалдақтың бірнеше түрі өсетінін көріп, олардың тарихымен танысты.

Үйірмеге қатысушылар арасында «Көктем гүлдерінің себеті» атты байқау ұйымдастырылды. Қала тұрғындары дала гүлдерімен көмкерілген костюмдер шеруін тамашалап, «Мың бір қызғалдақ» шеберлік сыныбына қатысты. Қаламыздың кішкентай тұрғындары асфальтқа түрлі гүлдерді бейнелеп, арнайы шақырылған қонақтар «Поэзия алаңын» жыр кешіне айналдырды.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



БІРЕГЕЙ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы астанада Алаш арыстарына ескерткіштің ашылу рәсімінде Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртқан ұлттың ұлы тұлғаларын ұлықтап сөз сөйлеген еді. Президент тұжырымдағандай, Әлихан – Алашорда үкіметін басқарған мемлекет қайраткері. Ахмет – халқымызды білім мен ғылымға жетелеп, рухани ұстаз болған әйгілі ағартушы. Міржақып – ұлт бірлігі ұранына айналған «Оян қазақ» пен тұңғыш қазақ романының авторы, көрнекті қаламгер. Үш қайраткер де – бірегей тарихи тұлғалар.

Тәуелсіздік жылдарында Алаш идеясы мен Алаш мұрасы түбегейлі қайта қаралды. Жаңа Қазақстан бағдарында Алаш арыстарының есімі қайта жаңғырып, олардың мемлекеттік қайраткерлігі мен халықтың рухын оятаудағы жанкешті тарихи рөлі жоғары бағаланды.

СОЛАРДАН БАСҚА КЕШЕ КІМ БАР ЕДІ...

«Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі – Айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын».

Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.
(«Таныстыру» поэмасынан, 1918 жыл).



Ұлтымыздың ұлы тұлғалары,
Алаш қайраткерлері – Әлихан Бөкейханға,
Ахмет Байтұрсынұлына және Міржақып
Дулатұлына елордада ашылған ескерткіш.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ



Өтетін орны:
«Сарыарқа» скверіндегі «Family» саябағы.
Күні:
1 мамыр.

БАЛАЛАР МЕН ЕРЕСЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ



Өтетін орны:
М.Ганди атындағы саябақ.
Күні:
1 мамыр.

ВЕЛОМАУСЫМ БАСТАЛАДЫ



Өтетін орны:
Әл-Фараби даңғылы/
Қозыбаев көшесі.
Күні:
1 мамыр.

ҚҰРМЕТ

ЕҢБЕК ЕСКЕРІЛДІ



Досбол АТАЖАН
Кездесу барысында Дәурен Абаев жас суретшіге алғысын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев кәсіби суретші Әсел Бекжанға көркемөнер мен мәдениетті дамытқаны және насихаттағаны үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасын табыс етті.

Әсел Бекжан – портретші, өнертану ғылымының магистрі, «Таңшолпан» халықаралық тәуелсіз әйелдер қорының мүшесі, түрлі халықаралық көрмелер мен конкурстардың қатысушысы және жүлдегері.

Айта кеткен жөн, газетіміздің алдыңғы нөмірлерінің бірінде алматылық суретші қыздың Instagram парақшасына Кенесары ханның суретін тың тәсілмен қалай салғаны туралы баяндайтын видеосымен бөліскені туралы хабарлағанбыз.

ЖИНАҚ

КҮЙ–ҚҰДІРЕТ

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында әйгілі күйші Дина Нұрпейісованың «Әсем Қоңыр» атты күйлер жинағының тұсаукесері өтті.

Кітап ҚР Спорт және мәдениет министрлігінің арнайы бағдарлама-сының қолдауымен жарық көрді. Айтылған күй жинағының шығуына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Карима Сахарбаева жетекшілік етті. Мәдени шараға Ғарифолла Әнес, Мереке Құлкенов және өзге де зиялылар, халықаралық конкурстардың лауреаттары және барша өнер сүйер қауым қатысты. Шара мақсаты – Дина Нұрпейісова туралы зерттеу материалдарын, орындаушылық шеберлігі мен шығармашылығын, белгілі және жаңа өмір деректерін бір орталыққа жинақтап, оны дайын күйінде зерттеушілер мен күйтанушыларға, ізденістегі жас күйшілерге ұсыну. Іс-шара кітап мазмұнына шолу жасайтын таныстырылымнан басталды. Жоба жетекшісі Карима Сахарбаева кітаптың құндылығы жайлы пікір білдірді:

– Міне, бүгінде Ахмет Жұбановтың бірегей ерлігі, сонау Астрахань



жерінен күй өнеріне құбылыс тудырған, құдіретті күй атасы Құрманғазының төл де сүйікті шәкірті, 76 жастағы күй анасы – Дина шешейді, оны білетін композитор Смағұл Көшекбаевты жібберіп алдыртуы, қасиетті өнерімізге теңдесі жоқ рух, жарқын болашақ сыйлады. Жинақтың негізгі мазмұнының діңгегі де, академиктің көлемді мақаласы, – деді профессор.

Кітаптың ресми тұсаукесері өткен соң, Құрманғазының «Қайран шешем» күйі, Дина Нұрпейісованың төл күйлері мен күйшінің жеткізіндегі халық композиторларының туындары орындалды.

Дос МҰРАТБЕКҰЛЫ.

БІРЛІК КҮНІ



БІЗ БІРГЕМІЗ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстанда тәуелсіздік таңы атқаннан кейін бұл мерекенің таным-тағылымы өзгерді. Жыл сайын атаулы мерекеде отандастарымыз, еліміздің барша халқы кең көлемде қазақтың киелі қарашанырағындағы береке мен бірлікті, бейбітшілік пен ынтымақты дәріптейді. Мерекенің ең бір жарқын да, жасампаз көрінісі – этномәдени көрмелер арқылы түрлі мәдениеттер тоғысып, рухани құндылықтар ұлықталады.

Биылғы Бірлік күнінің мән-маңызы ерекше. Жаңа Қазақстанға бет алған тұста, жаңа мемлекеттік модельге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына көшу жолында бұл мейрамның алдағы уақытта да күллі қазақстандықтарды ынтымаққа ұйытатын мерекелік мәртебесі ұлықтала береді деген сенімдеміз.

«Ырыс алды – ынтымақ» дейді дана халқымыз. Бірлігі бекем елдің береке-бірлігі, ынтымағы Әділетті Қазақстанның темірқазығына айналғай.

Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»

ҚЫЛҚАЛАМ

СҰЛУЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ Өнер музейіндегі өзгеше көрме

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Сұлулықтың бастауы» атты Ботагөз Нұрпейісованың жеке мерейтойлық көрмесі ұйымдастырылды.



Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Экспозицияда автордың 80-нен астам көркем және графикалық жұмыстары ұсынылған. Отанға арналған сюжеттер ерекше шынайылық пен жылулыққа толы. Ботагөздің балалық шағы Павлодар облысы, Набережный ауылындағы Ертіс өзенінің жағасындағы көркем жерде өтті. Сюжеттер еңбекқор ауыл тұрғындарының өмірі туралы баяндайды. Әке мен ананың портреттері ерекше махаббат пен ризашылық сезімімен боялған. Шығармаларында батылдыққа толы, жарқын болашаққа ұмтылған бақытты балалық шақ туралы ноталар байқалады.

«Ботагөз Нұрпейісованың туындылары автордың үлкен талантын, терең философиялық дүниетанымын айғақтайды, мұны Үнді тақырыбына арналған жұмыстар топтамасынан анық байқауға болады. Оның кескіндемелері жарқын, қанық түстермен, айқын қарама-қайшылықтармен сипатталады», – дейді көрме кураторы Наталия Баженова.

Экспозицияда ұсынылған туындылардың ішінен Қазақстандағы «Бхаратанатям» алғашқы және жалғыз Үнді классикалық биінің кәсіби орындаушысы Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген өнер қайраткері – Ақмарал Қайназарованың шығармашылығына арналғанын көреміз. Ақмарал Қайназарова мен Ботагөз Нұрпейісова өз шығармашылығында қазақ және үнді мәдениеттерінің дәстүрлерін үйлестіріп, жалпыадамзаттық құндылықтар саласындағы біріктіруші қағидат рөлін атқарды. Ботагөз Нұрпейісованың туындылары автордың үлкен талантын, терең философиялық дүниетанымын айғақтайды, мұны Үнді тақырыбына арналған жұмыстар сериясынан анық байқауға болады. Үндістанға деген махаббат «Огонек» журналының беттерінде суретші Николай Рерихтің суретін көрген кезде пайда бола бастаған. Содан кейін суретші болу арманы орындалды. Ондаған жылдар өткен соң, Н.К.Рерихтің құрметіне орай көрме ұйымдастырып отырған жайы бар. «Бұл естеліктер бала кезімнен маған ерекше қымбат. Үндістанның қасиетті жерлеріне жасаған саяхаты маған ерекше шабыт берді. Осынышама тұмса табиғатты сурет беттеріне түсірмеу мүмкін емес», – дейді суретші.

Ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынастың құпиясын ашатын «Көпірде» картинасы өзінің философиялық мазмұнымен таңқаларлықтай. Оған «Майтрея» картинасы үйлесім берген, онда әйелдің Құдайға сыйынуы бейнеленген. «Осыдан үш жыл бұрын мен Үндістанның солтүстік-шығысындағы Сикким штатына бардым. Бұл сапарым маған көп нәрсе берді. Суреттер арқылы мен осы таңғажайып елге барудан алған әсеріммен бөліскім келеді. Біздің еліміз отыз жылдан бері дипломатиялық қарым-қатынасты сақтап келеді. Бұл достық одан әрі нығая түседі деп үміттенемін», – деді Ботагөз Нұрпейісова.

Көрме 2022 жылдың 18 мамырына дейін жалғасады.



КИНО

БІРДЕН ЕКІ МАРАПАТҚА ИЕ БОЛДЫ

Қазақстандық «Сержан Братан» сериалы АҚШ-тағы Stareable Fest LA фестивалінде екі марапатқа ие болды.

Сериал 2021 жылы шықты. Сюжеті бойынша алматылық рэкетир команда 23 жыл жатып, кенеттен оянады. Ол 2021 жыл болғанын түсінеді. Айнала танымастай өзгерген. Ол жаңа жағдайға бейімделіп, отбасымен тіл табысады. Полицияда жұмыс істейтін қызы және блогер ұлымен әкелі-балалы қарым-қатынастарын орнатуға тырысады.

Бас продюсері Куат Садықовтың айтуынша, «Сержан Братан» сериалының осындай жетістікке жетуіне екі маңызды фактор әсер еткендігін атап өтті. Сериалдың оқиғасы Stareable Fest LA фестивалінің қазылар алқасын ерекше сюжеті және түсіру сапасымен қызықтырды. «Сержан Братан» сериалының идея авторы, сценаристерінің бірі,

режиссері әрі продюсері Әлішер Утевтің (The Rocket Stories) жұмысы Best in Directing аталымы бойынша марапатталды. Веб-сериал 2021 жылы көрермен арасында ең танымал әрі сүйікті жобалардың бірі болды. Қазіргі уақытта 12 сериялы туынды 80 миллионнан астам қаралым жинап, оған 70 мыңнан аса пікір жазылған. Қазақстаннан бөлек жоба Ресей, Қырғызстан, Украина, Өзбекстан, Беларусь, АҚШ, Оңтүстік Корея, Германия және Түркия көрермендерінің назарын аударды.

Stareable Fest деген – АҚШ-тағы тәуелсіз теле және веб-сериалдардың жыл сайынғы ең беделді фестивальдерінің бірі. Stareable Fest серіктестерінің арасында Disney, HBO, BBC America, Warner Bros. Entertainment сияқты кино және телеиндустрия саласындағы жетекші компаниялар бар. Биыл Stareable Fest-тің қазылар алқасы қазақстандық жобаны ерекше атап өтіп, сериал авторларының жұмысын екі марапатпен жоғары деңгейде бағалады.

А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Алматыдағы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті.

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Жәрмеңкенің мақсаты – мамандарға мұқтаж жұмыс берушілер мен жұмыс іздеген тұлғалардың мүдделерін жақындандыру және жас мамандарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету.

Бос жұмыс орындар жәрмеңкесін Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ректоры, Басқарма төрағасы Асқар Хикметов ашты. Шараға жұмыс беруші ақпарат-

тық-коммуникациялық компаниялар өкілдері мен жоғары оқу орнының ұстаздары мен студенттері қатысты. Жәрмеңкеге барлығы 30-ға жуық мекемелер өкілдері келіп, әрқайсысы сала-сала бойынша ақпараттар беріп, болашақ мамандарға өз мүмкіндіктерін ұсынды.

Ж.СЕЙТЖАНОВА.



КАМАЛ СМАЙЫЛОВ – 90

ҰЛЫТАУДАН ШЫҚҚАН ҰЛ

Қазақтың дарынды ұлдарының бірегейі болған журналист-жазушы, көрнекті публицист, қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ киносы мен телевизиясының бағын ашып, кинопедагогиканың негізін салып кеткен Камал Сейітжанұлы Смайыловтың туғанына биыл – 90 жыл.

Қарымды қаламгердің көз алдымыздан кеткеніне жиырма жылдың жүзі болыпты. Бірақ көңілдерден кетпеді. Себебі, соңында өшпес рухани-мәдени көп мұра қалды.



естелігі бар. «1966 жылы «Қазақфильм» киностудиясына журналист Камал Смайылов басшы болып келгенде мен Бүкілодақтық Мемлекеттік кинематография институтын енді ғана бітірген жас маман едім. Қазақ мәдениетінде жоқ өнер саласы – мультипликацияның іргетасын қалауды армандап жүргенімді жаңа басшыға айтқанымда, ол мәселені табан астында шешіп, үлкен өнердің тууына бастамашы болды. Әрине, «Қазақфильм» киностудиясына ұялаған қарлығаш Камалдың талай сәтті еңбектерінің бірі ғана еді», – дейді ол естелігінде.

Қазақ теледидарында көп сериялы «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» фильмін де өмірге әкелген К.Смайылов болатын.

Ауыл баласы Алматыдан шалғай жатқан елдімекендердегі халық өнерінің тамырына қан жүгіртті. Камал Смайыловтың тың идеясымен «Алатау» жаңа телеарнасы ашылып, «Тамаша», «Қымызхана», «Шабыт», «Шашу», «Күй дастан», «Халық таланттары», «Терме», «Айтыс» «Асыл мұра», «Халық қазынасы» сынды телевизиялық циклды бағдарламалар келді.

Сондай-ақ, Камал Смайылов халықаралық деңгейдегі «Алматы достарды қарсы алады», «Медеу жұлдыздары», «Азия дауысы» музыка-сахналық бағдарламалары авторларының бірі болды.

Нағыз демократ басшы

Камал Смайылов пен Шерхан Мұртазаның «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде хат жазысқаны да бәріміздің есімізде. Ондағы көркемсөздер кейін «Елім саған айтам, Елбасы, сен тыңда» деп кітап болып басылып шықты. Ондағы көсем-сөздердің тууына түрткі болған Камал Смайыловтың «Қазақстан. ХХІ ғасыр» атты оптимистік көзқарастағы публицистикалық мақаласы еді. Онда Тәуелсіз Қазақстанның қалай құрылғаны, қандай кемшіліктер кетті, нені қолға алуымыз керектігі сөз болып, шешу жолдары да қоса ұсынылған. Ұлттық ілгерілеудің негізгі қағидаттарын мензеген бір дәуірдің баяны іспеттес бұл еңбектегі ойлар әлі күнге құндылығын жоймаған.

«Төгілте жазатын көп қырлы қаламгер, ағылта сөйлейтін шешен қайраткер, жарқ еткен жаңалықты қағып алып, жұмысқа пайдалана қоятын қабілетті ұйымдастырушы» туралы көзкерген замандастары оның әсіресе жастарға қамқор болғанын жиі айтады. Ол жастардың шығармашылық өсуіне, мәдениет пен өнерге атсалысуына мұрындық болған. Замандастары оны нағыз демократ басшы деп таныған. Комитеттің төрағасына қызметтестері именбей кіріп, ойындағысын еркін жеткізе алатын болған. Бәрін ықыласпен тыңдап, айтқандарының бағалы жерлерін түртіп алып, керек жерінде оларды кәдеге асыра білген. Оның шәкіртінің де көп болғандығы сондықтан шығар.

Әрине, қаламгер туралы бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Біздікі Камал Смайылов сынды Ұлытау ұлының елге берген мол байлығын ұмытпай ұлықтап жүрсек деген тілек қана.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

Сәл шегініс. Камал Смайылов бір сұхбатында «Әкем Сейітжан Троицкіде медресе бітірген, орысша-қазақша бірдей сауатты, өз заманының сұңғыла адамы болды. Ұзақ жылдар бойы мектептерде ұстаздық етті. Көп шұқынып оқуым, білгенімді зерделеп-зейіндеп замандастарыма ұсынуым, бәлкім сол кісінің тиянақты тәрбиесінен шығар, – дейді. – Қолға қалам алуыма себепкер әуелде газет-журналдарды түгін қоймай қопарып оқудан басталса, кейініректе өзімнің немере ағам Баубек Бұлқышев атымен тікелей байланысты. Баубектің атасы Байқоңыр мен менің атам Смайыл бір кісінің балалары болатын. Баубек аға өзі бір аса қияпатты, келбетті адам еді. Алматыдан ауылға қаниқулға келгенде маған ойыншық әкеліп бергені, қызықтап әңгімелескені есімде қалыпты. Оның сол кезде де газеттерде мақалалары шығып тұратын. Осы кісіге еліктеп, бәлкім сондай болсам деген бір арман мені де жетелеп журналистикаға әкелді. Сөйтіп, менің бүкіл өмірім журналистикамен біте қайнасып кетті».

Мәдениет пен өнерде ізі қалған тұлға

Оның ізі газет-журналдарда да, мәдениет пен өнер саласында да сайрап жатыр. Мәдениет пен өнер ордаларын басқарғанда, іркіліп қалған істерге жан бітіріп, ілгері жылжытқан жанкешті тұлға.

Киностудияға басшылыққа К.Смайылов келгенше Ғабит Мүсіреповтің «Қыз Жібек» киносценарийі мұрағатта жатып қалған көрінеді. Ол тұста кино түсіру үшін де Мәскеудің рұқсаты керек. К.Смайылов «Қыз Жібекті» көрген бойда автордың рұқсатынсыз-ақ Мәскеуден фильм түсіруді бекіттіріп әкеледі. Түсіре бастағанда тағы бір мәселе туындайды. Ол жөнінде өзінің

былайша айтқан естелігі бар. «Қыз Жібек» фильмін түсіре бастағанда алғаш жобалағанындай, бір серияға сыймайтыны айқын болды. Ол кезде бар мәселе Мәскеуде шешіледі. Одақтық комитетке көрсеттік. Олар «нағыз ұлттық фильм екен, бірақ екінші серия бере алмаймыз, сол көлемде, сол қаржымен шығарындар» деді. Сұлтан Қожықов екеуміз мойнымыз салбырап, Қазақстанның сол астанадағы өкілдігіне келдік. Сонда сіз бар екенсіз, кіріп жағдайымызды айттық. Сіз дереу тікелей телефонмен одақтық кинематография комитетінің төрағасы Романовпен сөйлестіңіз. Ертеңіне мәселе бірден шешілді, қаржы да бөлінді. «Қыз Жібек» фильмі екі сериялы болып шығатын болды», – дейді. Мұндағы сіз деп отырғаны – Дінмұхамед Қонаев болатын.

Халық өнерінің тамырына қан жүгіртті


Сонымен қатар, К.Смайылов киностудияның директоры кезінде «Қилы кезең», «Қан мен тер», «Алты жасар Алпамыс», «Атамекен», «Тақиялы періште», «Көксерек», «Қараш-қараш оқиғасы», «Әкелер жері», «Ән қанатында», «Артымызда Москва», «Мәншүк туралы ән», «Шоқ пен шер», «Транссібір экспресі», т.б. көркем фильмдері түсіріліп, тұңғыш қазақ мультфильмі жарыққа шықты.

Иә, Орталық Азия елдері арасында тұңғыш мультфильм Қазақстанда және ол тікелей Камал Смайыловтың қолдауымен дүниеге келгенін екіншісі біле бермес. Бұл туралы қазақтың тұңғыш мультипликаторы, кинорежиссер Әмен Қайдаровтың да

МҰХТАР ӘУЕЗОВ – 125

ЖАЗУШЫНЫҢ ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

Жазушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойына орай 5 томдық шығармалар жинағы басылып шығады. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Семей қаласындағы Абай театрында өткен «Әуезов әлемі» атты салтанатты жиында айтты.



Оның мәліметінше, жазушының мерейтойы халықаралық деңгейде атап өтіледі. Оған аталған ведомство жауапты болып бекітілген.

«Семей топырағы данышпан Абайды дүниеге әкелген, Шәкәрімдей ғұламаны тудырған, Мұхтар Әуезовтей әйгілі суреткерге бесік болған аяулы мекен. Бұл жиын үлкен мерейтойдың салтанатты ашылуы Семейден бастау алғаны заңдылық. Алдағы уақытта Мұхтар Әуезовтің 125 жылды-

ғына орай жазушының 5 томдық шығармалар жинағы басылып шығатын болады», – деді министр.

Айта кетейік, заңғар қаламгердің мерейтойына байланысты биыл 4 бағыт бойынша 90-ға жуық іс-шара ұйымдастырылады. Одан бөлек, өңірлік деңгейде жоспардан тыс 500-ден аса мерекелік шара өткізу жоспарланған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА



БАЛАЛАРҒА ӨМІР СЫЙЛАДЫ



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыдағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының Хирургия бөлімінде елімізге белгілі балалар хирургі, «Алтын қолды» дәрігер, медицина ғылымының докторы, АҚШ-тың Цинциннати клиникасының «Құрметті профессоры», Еуропа ғылымдары академиясының академигі, халықаралық дәрежедегі ғалым, бүкіл өмірін балалардың денсаулығына арнаған Нұрлан Ахпаровтың құрметіне ескерткіш-тақта ашылды.

Мемориалдық тақтаның дәл осы орталықтың Хирургия бөлімінде ашылуы да тегін емес. Өйткені, Нұрлан Нұрқинұлы 1994 жылдан бастап Хирургия бөлімін абыроймен басқарып, 28 жыл қызмет етті. Кезінде атақты академик Камал Ормантаев өзінің шәкіртіне үлкен сенім білдіріп, осы бөлімнің басшысы етіп тағайындаған еді. Осынау жылдар ішінде Нұрлан Нұрқинұлы 10 мыңнан астам ота жасап, мыңдаған баланың өмірін сақтап қалған екен. Ең ауыр, ең

күрделі деген оталарды өзі жасайтын. Ел арасында «Балаларға өмір сыйлаған жан» атанып кеткені де содан болса керек.

Салтанатты шараның ашылуында Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының басшысы Риза Боранбаева Нұрлан Нұрқинұлының балалар хирургиясы саласын дамытуға қосқан зор үлесін айрықша атап өтті. Өз сөзінде «Нұрлан Ахпаровтың балаларды емдеумен қатар, білім мен ғылымға да ерекше назар аударып, ғылыми рейтингі бойынша Хирургия бөлімі ұзақ жылдар бойы бірінші орында тұрған еді», – деп еске алды. Бірнеше буын білікті хирургтарды, мықты мамандарды тәрбиелеп шығарған балалар хирургі туралы жылы лебіздер мен естеліктер айтылды. Арнайы келген отбасы мүшелері, туыстары мен әріптестері осынау көрсетіліп жатқан құрмет үшін ризашылықтарын білдірді.

Алматыда Нұрлан Ахпаровты еске алуға арналған жас хирургтардың «Жас зерттеуші: заманауи педиатрия және балалар хирургиясы сын-тегеуріні мен келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы басталды.



УЗДІК

ЖАНЫ ҚАЗАҚ ЖІГІТ

«Мен – қазақпын!» – деді отандық теннисші. Бұл өзіміздің – Александр Бубликтің сөзі. Таңырқамаңыз!



Шетелдік ақпарат өкілдеріне осылай деп тіл қатты. Байрақты бәсекеде қастерлі отанымыздың абыройын қорғау абырой екендігін айтты. Сондай-ақ, қазақшылық қанында бар екенін жеткізді.

«Қос азаматтыққа жол берілмейтіндіктен, менде ресейлік төлқұжат жоқ. Менің Ресей теннис федерациясымен де ешқандай байланысым жоқ. Мен – қазақпын! Алты жылдай уақыт бойы мен өз елімнің намысын қорғап келемін. Мен Дэвис кубогында, Азия және Олимпия ойындарында Қазақстан атынан шығатынымды мақтан етемін», – деді Александр Бублик.

Отандасымыз шетелдік тілшілердің китүрқы сұрағына осылайша нақты жауап берді. Мұндай сауалдың қойылуы да заңды. Өйткені, теннисші 1997 жылы Ресейдің Гатчина қаласында дүниеге келген. Ал 2016 жылдан бастап Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсетіп келеді. Үлкен спортта айтарлықтай нәтижеге қол жеткізбеген, спортшы ретінде әлі таныла қоймаған 19 жастағы жігітке Қазақстан тарапынан үлкен сенім көрсетілді. Оның мықты теннисші болып қалыптасуына біздің елде барлық жағдай жасалды. Нәтижесі де көп күттірген жоқ. 2016 жылы әлемдік рейтингте 200-орында тұрған Бублик алты жылдың ішінде үздік 40 теннисшінің қатарына қосылды. Тіпті, әлемнің мықты спортшылары Бубликпен санасатын болды. «Үлкен дулыға» турнирлерінің жекелеген бәсекесінде ол жыл сайын үшінші кезеңге дейін жетіп жүрген болса, биыл жұптық бәсекеде алғаш рет Франция ашық біріншілігінің финалында өнер көрсетті.

Ол Қазақстан құрамасы сапында да көптеген нәтижеге қол жеткізді. Мәселен, Бублик бастаған жігіттер жыл сайын Дэвис кубогының финалдық кезеңінде бақ сынаиды. 2018 жылы жазғы Азия ойындарында Денис Евсеевпен бірге жұптық сында күміс медаль жеңіп алса, былтыр алғаш рет ел намысын Токио Олимпиадасында қорғады.

Көпшілік оның патриоттығына ризалық білдіруде. Осындай игі ойдағы спортшылардың болғаны, намысты қайрайтыны анық. Алдағы сайыстарда Қазақ елінің беделін асыра беруіне шын жүректен тілектестік білдіреміз.

АРМРЕСТЛИНГ

ҚЫЗДАРЫМЫЗ ЕРЛЕП ТҰР



Азия біріншілігіне атыраулық ардагер спортшылар қатысты. Сөйтіп, қазақтың рухты һәм мықты халық екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Көк туымызды желбіретті.

Бұл жолы армрестлингтен жастар, ересектер және ардагерлер арасындағы Азия

Ерлік қыз және ұл деп бөлінбейді. Абыройды асқақтату рулардың да қолынан келеді. Бұл ықылым заманнан дәлелденген тұжырым.

чемпионаты 24–30 сәуірде Өзбекстанның Самарканд қаласында өтіп жатыр. Оған 14 елден 500-ге жуық спортшы қатысып, кіл мықтыдан ең мықтыны анықтамақ. Құрлық додасына қатысқан атыраулық ардагер спортшылар жоғары нәтиже көрсетіп, ел абыройын асқақтатты.

Кеше әйелдер арасында қол күрестірген Алмағұл Қанатова 80 кило, Рахия Молдашева 80 килодан жоғары салмақта Азия чемпионы атанды. Ал Константин Тарабрин 70 килода күміс медальді иеленді.

СҰХБАТ

Біздің елімізде бұқаралық спортқа қызығатындар көп. Бірақ жаттығу залдарының бағасы, жаттықтырушының шеберлігі, қайтіп, қалай бастау керектігі беймәлімдеу. Осыған байланысты сала маманы, бодибильдер, жеке жаттықтырушы Олжас ОМАРОВПЕН тілдескен едік.

– Қазір спортпен айналысқысы келетіндер қатары артуда. Оларға қандай кеңес бересіз?

– Иә, дұрыс айтасыз. Бірақ көбісі бастауға тартыншақтайды. Келіп тұрақты қатысудан жүрексінеді. Әсіресе, 17-18 жастағы жастар көбірек қызығып жатады. Біршама араласады. Содан кейін кетіп қалады. Бұл арада адамға көбіне құлшыныс жетпей жатады. Ғаламтордағы ақпаратты көріп, қызығып келген жақсы ғой. Бірақ ары қарайғы табандылық одан да керемет. Әлгі келмей, шыдамы жетпей жататындар – студенттер. Бәлкім, сабағы қолбайлау шығар, тағы сол сияқты. Шынымен мақсат қойып салауатты өмір салтын ұстанар болса, ол адам түбінде нәтижеге жетеді. Егер нақ жолына түсіп айналысса, 1 жылдың көлемінде қалыпты дене бітімін қалыптастырады. Бізге ұлдармен қатар қыз-келіншектер де фитнеске қатысуға ниет білдіріп жатады. Олар қанша дегенмен әйел заты емес пе?! Өте дәлдікпен жүргенді, қажетті ақпаратты қайта-қайта сұрайды. Әбден көзі жеткеннен соң ғана келуге келісімін береді. Ол да дұрыс шығар. Дегенмен, спортқа қызығушылық танытар болсаңыз, сіздің жасыңыз маңызды емес. Нағыз қызығушылығы оянған кісі 60 жасында да жаттығу залдарына келеді. Оны өз тәжірибемнен білемін.



– Жаттығу залдарына барып жүріп, қосымша аялада спортпен айналысу денсаулыққа кері әсерін бермей ме?

– Ең негізгісі, өзіңізге артық күш түсірмеңіз. Тез нәтижені көреміз деп, жүректі шаршатпаңыз. Ал жүректің қан айналымға тікелей әсер ететінін ескеріңіз. Мейлінше тренердің айтқанын тыңдаңыз. Ол қанша дегенмен сол саланың адамы. Аптасына 3 рет, 40–60 минут көлемінде жаттықсаңыз жеткілікті. Әрі кеткенде 1,5 сағаттан аспағаның жөн. Қосымша үй жағдайында жаттығуға болады. Ол үшін ешкім сізді сөкпейді. Артық салмақтан арылғысы келетіндерге күнде таңертең 30 минутты жүгіруге, дене қимылдарын жасауға кеңес береміз. Мұны барлығы біледі. Мен 15 жасымда бодибильдингпен айналыса бастадым. Өзім базарда жұмыс істеймін. Бос уақытымда



ТЕННИС



ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛДА

Еліміздің жасөспірімдер құрамасы теннистен әлем чемпионатының іріктеу кезеңінің жартылай финалына шықты.

Ұлттық Олимпиада комитеті дерегінше теннистен Қазақстан жасөспірімдер құрамасы Нью-Дели (Үндістан) қаласында 14 жасқа дейінгілер арасында өтіп жатқан әлем

чемпионатының (Азия/Тынық мұхит аймағы) іріктеу кезеңінің жартылай финалына шықты.

Жерлесіміз ширек финалда Гонконг құрамасымен күш сынасты. Қазақстан құрамасына алғашқы жеңісті Дамир Жалғасбай әперді. Ол қарсыласын 6:3, 6:1 есебімен тізе бүктірді.

Содан кейін команда көшбасшысы Заңғар Нұрланұлына кезек келді – 6:4, 6:1. Ертен Қазақстан құрамасы (капитаны Сергей Квак) жартылай финалда Оңтүстік Кореямен кездеседі. Оңтүстіккореялықтар тартысты матчта Үндістанды 2:1 есебімен жеңді.

ТУРНИР

ПУТИНЦЕВА АЛҒА ШЫҚТЫ



Соңғы уақытта отандық теннисте ілгерілеу бар. Шетінен кіл мықтылар толқыны шығып келеді. Жаһанды тандандырып, спорт сарапшыларын тандандыруда.

Дегенмен, есеп 5:5 болғанда, Юлия тағы бір брейк жасап, сосын матч-пойнтын құр жіберген жоқ – 7:5. Екі сағатқа созылған тартысты бәсеке барысында Ю.Путинцева әйс жасамағанымен, 12 брейк-пойнттың бесеуін пайдаланды. Қарсыласы 6 әйс, 3 брейкпен (8 брейк-пойнт) көзге түсті.

Біздің спортшымыз үшінші айналымға шығу үшін әлемнің 16-ракеткасы, тағы бір америкалық Кори Гауффен таласады. Ол бастапқы кездесуде словакиялық Анна Шмидлоадан айласын асырды – 6:0, 6:2. Қазақстанның бірінші, әлемнің 18-ракеткасы Елена Рыбакина ертен дүниежүзілік рейтингте 93-орында тұрған франциялық Осан Доденмен ойнайды. Жүлде қоры 6,5 млн еуродан асатын ірі жарыс 7 мамырда мәреге жетеді.

«БӘРІ ӨЗІҢЕ БАЙЛАНЫСТЫ»

ауладағы турнир, брусияға барып жаттығамын. Сөйтіп, достарымның кеңесімен үйдің жанындағы спорт залына жазылдым. Ол уақытта 3-4 мың теңге болатын. Бұл 2010 жылдардың төңірегі еді. Содан әр секциясынан қалмай жүрдім. Қажетті протейіндер, ақуыздарды сатып алдым. Жаттықтырушының белгілеп берген режимін ұстандым. Өзі мынадай бір сөз бар «30 % темір-терсек, 70 % тамақтану дұрыс болсын» дейді. Яғни тренажерлік залдарда жаттыққаныңыз жөн, одан кейін адам ағзасы нәрлі тамақтарды қажет етеді. Сондықтан осы жағына назар аударған абзал. Алматыда жаттығу залдары баршылық. VIP деп аталатындары қаншама. Сол себепті, жеке жаттықтырушының кәсібилігіне қарау керек. Онымен тіл табысып, ұғынысу шарт. Содан кейін бірге іске кірісе аласыз. Тым қымбат емес, бағасы қолжетімділері де бар. Бірақ таңдаудан жаңылмаңыз.

– Жеке жаттықтырушы ретінде отбасын асырауға бола ма?

– Неге болмасын. Тіпті, айына айлық табысы 1 миллионнан асатын жаттықтырушы азаматтар жетерлік. Олар өз ісінің шыңына шыққандар. Нағыз кәсіби шеберлігі артқандар дер едім. Кейбірі өнер адамдарының жеке тренері болып жүр. Отбасында әке, білікті маман. Ондай жандарға тек ризашылық білдіреміз. Өзім де осы салада 10 жылдан артық істеудемін. Табысым жаман емес. Десе де, өмір жолымызда түрлі қиындық кездесті. Жұмыссыз жүрген шақтарымызды еске де алғымыз келмейді. Қазір шүкір, бәрі орнында, бәрі жақсы. Айтып отырмын ғой, барша нәрсе адамның тек өзіне ғана байланысты. Күш-жігеріңіз мықты болса, сөзсіз топ жарасыз. Өткен жылы Алматыда ұйымдастырылған бодибильдингтен жарыста 2-орынды иелендік. Халықаралық жарыстар өз алдына бөлек әңгіме. Жалпы ерінбеу керек.

Бетті әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 7 айға – 4203,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 7 айға – 11343,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 7 айға – 3083,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі
№2/152 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2022 жылдың 29 сәуірінде №27812 тіркелген

**Алматы қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі
№2/120 «Алматы қаласында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі №2/120 «Алматы қаласында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1371 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Б.Нүсіповаға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі
№2/153 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2022 жылдың 22 сәуірінде №27733 тіркелген

**Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 16 сәуірдегі
№2/227 «Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін үкіметтік емес ұйымдар құратын әлеуметтік жұмыс орындарының жалақысын субсидиялау мөлшерін белгілеу туралы» қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 16 сәуірдегі №2/227 «Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін үкіметтік емес ұйымдар құратын әлеуметтік жұмыс орындарының жалақысын субсидиялау мөлшерін белгілеу туралы» қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1547 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Б.Нүсіповаға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2022 жылдың 1-тоқсан нәтижелері бойынша аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (әрі қарай – Департамент) 2022 жылғы 1-тоқсанда 24 мемлекеттік аудит объектісінде аудиторлық іс-шаралар жүргізді және есептік деректерге 24 аудиторлық іс-шараны енгізді.

Олардың айналасында 2021 жылғы мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбесі бойынша 18 аудиторлық іс-шара, жоспардан тыс 6 аудиторлық іс-шара енгізілді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың сомасы 59 241,9 млн теңгені құрады, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар 1599,2 млн теңге, рәсімдік бұзушылықтар 57 642,7 млн теңге, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын бұзудың рәсімдік бұзушылықтардың жалпы сомасынан 41 103,1 млн теңгені құрады.

Есепті кезеңде Департамент қаржылық бақылаудың қабылданған ден қою шараларының нәтижелері бойынша бюджетке өтелді және бухгалтерлік есеп бойынша, жұмыстарды, қызметтерді орындаумен және тауарларды жеткізумен, сондай-ақ есеп бойынша 594,4 млн теңгені немесе 37,2%-ды көрсетумен қалпына келтірілді.

Өтелген және қалпына келтірілген бұзушылықтардың жалпы сомасынан бюджетке 1,8 млн теңге немесе өтеуге жататын анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасынан 41,4% өтелді, 0,3 млн теңге немесе қалпына келтіруге жататын соманың 0,03% қалпына келтірілді және есеп бойынша 592,3 млн теңге немесе 100% көрсетілді.

Анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген адамдардың жауапкершілігін қарау туралы барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті 23 нұсқама шығарылды, олардың 5 нұсқамалар бойынша орындау мерзіміне сәйкес келді, 5-еуі толық көлемде орындалды.

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша 10 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Департамент 2022 жылдың 1-тоқ-

санында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген құзыреті шегінде 9,0 млн теңге сомасына 52 әкімшілік іс қозғады, олар бюджетке толық көлемде өтелді.

Құқық қорғау органдарына 12 685,7 млн теңге сомасына 1 аудит материалы берілді.

Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылау шеңберінде әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы, мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі бойынша, сондай-ақ Алматы қ.тапсырыс берушілері жүзеге асырған тәуекелдерді басқару жүіесін қолдану нәтижелері бойынша 12 836 тексерілген рәсімдердің ішінен 266 рәсімде жалпы сомасы 1763,4 млн теңгеге бұзушылықтар анықталды.

Анықталған бұзушылықтар бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламалар жіберілді.

Бұзушылықтарды жоюға бағытталған хабарламалар Мемлекеттік сатып алу қорытындыларын жою немесе қайта қарау немесе оларды талқылау шеңберінде конкурстық құжаттама жобаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы толық көлемде орындалды.

Өткен кезеңде мерзімінде орындалмаған хабарламалар бойынша Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 462-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, жалпы сомасы 0,1 млн теңгеге сотқа қарау үшін берілді.

Жариялылық, ашықтық және жариялылық, өткізілетін аудиторлық іс-шараларға азаматтардың, жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдарының қол жеткізу мүмкіндігі негізінде Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жұмысының қағидаттарын қалыптастыру мақсатында ағымдағы жылдың өткен кезеңінде Департамент сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша 20 іс-шара өткізді және аудиторлық қызметтің нәтижелері туралы 25 мақала жариялады.

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ.**



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.




Сымдай тартылған бүлдіршін



Алтынай Қайроллақызы аэрогимнастикамен 7 жасынан айналысып келеді. Алғашқыдай емес, едәуір шыңдалды, сымдай тартылды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА



Нәзік қыздың дене бітімінде де, характерінде де өзгеріс бар. Ер-келікті үйде көрсеткенімен, сырт ортаға түп-түзу бойын, орнықты ойын ғана көрсете білу керектігін жақсы түсінеді. Жаттығу кезінде де шаршағанын білдіргісі келмейді. Оны үнемі алға жетелейтін, қуат беретін, шабыттандыратын – жақындарының мейірімі, анасының жылы алақаны, жаттықтырушысы Рахима Айдосқызының сенімі. Сондықтан да бала көңіл үнемі жеңуге, жеңістерге құштар.

– Аэрогимнастикада жүрген қыздарға ең басты қандай қасиеттер керек? – деген сауалымызға:

– Шыдамдылық және мейірімділік керек, – деп жауап берді 11 жастағы Алтынай.

Алтынай үшін ең, ең, ең бірінші орында тұратын құндылық – ол отбасы. Ол өзін отбасы мүшелерінің ешбір өмір сүре алмайтынын, алға бір адым да жасай алмайтынын жақсы түсінеді. Қуанса да, мұнайып қалса да сол мезетте-ақ жанынан табылатын – сол жандар.

Қазір өмірімізді ұялы телефонсыз елестету мүмкін емес қой. Бір күнде бірнеше мәрте телефон соқпаса жүре алмайтын адамдары – анасы Айнагүл, сосын әпкесі Самал. Оларға қуаныштарын бөлісіп отырады. Ең жақын құрбылары Баян мен Адияға да телефон соқпаса отыра алмайды. Телефонмен сөйлесіп отырғанда, бірі ар жақта өз үйінде, екіншісі бер жақта өз отбасында, бірігіп бисер тоқиды, әйтеуір уақытты босқа өткізбеу керек. Кейде ата-анасына айтуға болмайтын кішкентай сырларын осы қыздармен бөлісетіні бар. Алтынай өмірдің адал достармен де мәнді екенін кішкентай жүрегімен жақсы ұғынады.

Оның ән салып, домбыра шертетін де өнері бар. Алматыда өтетін түрлі өнер байқауларына да қатысып жүр.

Аэрогимнастика – мүлде бөлек әлем. Онда көркем гимнастиканың элементтері бар, бірақ обруч, доп, лента қолданбайды, мұнда тек өз қолымен, аяғымен элементтерді таза орындау. Бұл – әлемдік спорт. Сұлу спорт. Сондықтан аэрогимнастикадан өтетін Қазақстан чемпионаттарында топ жарып жүрген Алтынай Темірбектің бағындырар белесі әлі алда екені сөзсіз.

Сәттілік тілейміз саған, балақай!

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Ысырап болмасын



Жер үйде тұратын болсаңыз жақсы, тамақ қалдығын итіңізге, мысығыңызға бересіз. Ал қалада тұратындарға қиын. Сондықтан үйімізде тұтынған тағамдардың қалдығын сыртқа шығарып қоямыз. Оны тиіп алып кететін арнайы тазалық мекемесінің адамдары бар. Ал уақытылы жинап алынбаса, айналамыздың не болатыны белгілі.

Қалдықтар салынатын темір жәшіктердің түбінде кейде нан қалдықтары үйіліп жатады. Оны аузын буып дұрыс тастамағандықтан, қаңғыбас иттер шашып кетеді. Обал-ақ!

Обал болмас үшін желінбей қалған нанды далаға тастағаннан гөрі, одан өзіңіз-ақ қытырлақ нан, яғни кириешки жасауыңызға болады. Ол үшін көп уақытыңыз да кетпейді.

Газетіміздің келесі саны 5 мамыр, бейсенбі күні шығады.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Қазақша күнтізбе

Халқымызда «Сәуір болмай, тәуір болмас, ит балалап сауын болмас», «Сәуір болса, күн күркірер, күн күркіресе, көк дүркірер», «Сәуір жақсылығына бақса – алты күн, жақсылығына бақпаса – алпыс күн» деген тіркестер бар.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұл сөздердің астары да осы айдағы амалдарға байланысты айтылса керек. Себебі, ертеректе бұл ай – амал айы болып есептелген. Сәуірде қазақтар амалдап өткізеді. Яғни мал сойып, қан шығармаған. Жұт болады деп ырымдаған. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін көкек айы да аяқталды. Сәуірден кейінгі қазақ күнтізбесіндегі қазақша атауларды оқи отырыңыз!




Қызыл жұмыртқа

Мамырдың алғашқы он-күндігінде бір-екі күнге созылған суық болады. Бұл дала немесе су құстарының жұмыртқадан балапанын шығаратын кезі. Қазақ халқының түсінігінше осы мезгілді «Қызыл жұмыртқа» деп атаған.



Үркердің батуы

Мамырдың ортасына қарай Үркердің аспанда мүлде көрінбей кетуін қазақ есепшілері «Үркердің батуы» немесе «Үркердің толғағы» деп айтады. Маусымның 24-інде үркер таң ата батыстан көрінеді де, содан шілде айында 40 күнге созылатын ыстық басталады. Аптапты күндерге орай халық арасында «Қырық күн шілде» деп аталатын халықтық күнтізбелік атау пайда болған. Сондай-ақ, халық жұлдызшылары мен есепшілері «Үркер жерге түспей жер қызбайды» дейді. Жыл мезгілдеріндегі табиғи ерекшеліктерді Үркер жұлдызының қозғалысына қарап анықтаған. Үркер құрғақ жерге түссе, аңызак жел көп болып, қуаңшылық болады, Үркер тасқа түссе, шілдігір қатты ыстық болады, Үркер жерге түсер-



де қой қырқылады. Үркердің толғағы аталатын амал мал-жанға жайлы кезең, шілде айының орта кезінде басталады. Бұл кезде Үркер туады, жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғая бастайды. Қазақ Үркердің тууы мен батуын үнемі қадағалап, бақылап отырған, шаруашылық маусымын соған сәйкес реттеген.

Таразының тууы

Тамыздың ортасында ауа райы салқиндатып, қою бұлт пайда болып, алғашқы күз нышаны біліне бастайды. Қазақ есепшілері бұл жұлдыздың шығуына қарап: «Таразы туса – таң салқын, бидай, тары піседі» деп тұжырымдаған. Күздің «ауылы» алыс емес деп, қысқа ертерек қамдана бастаған. Осындай кезді халқымыз «таразының тууы» деп атайды.

ҒАЛАМТОР

Компьютер саңырау қылады



Компьютер қолданып отырған достарыңыздың айтқан сөзіңізге мойын бұрып қарамақ түгілі, мән бермейтінін де талай рет байқаған боларсыздар. Шын мәнінде, бұл да аурудың бір түрі екен.

Ғаламтор желісінде өзге біреумен сөйлесіп отырған адам жанындағы серігінің айтқан сөзіне мән бере қарамайтыны рас. Кейде бірнеше минуттан кейін барып жауап беріп жатады. Жақында Калифорния университетінің ғалымдары осыған байланысты зерттеу жүргізіп, қорытындысын шығарды. Нәтижесінде мұны компьютер эсерінен болатын «уақытша саңырау» ауруы деп атаған.

Еріктілерге зерттеу жүргізген ғалымдар компьютерге назар салған адамның миы айналасындағы дыбыстарды көп қабылдамайтынын анықтаған. Яғни мұндай сәтте адам миының дыбыс қабылдау бөлігі нашар жұмыс істейтін болып шыққан. Соның салдарынан адам уақытша саңырау болады екен. Зерттеудің толық қорытындысы танымал «Neuroscience» журналында жарияланбақ.

Айжан ШАЛАБАЙҚЫЗЫ.

БАС ҚАТЫРҒЫШ



Сөзжұмбақ шешу пайдалы



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Британ ғалымдары сөзжұмбақ (кроссворд) шешу мен мидың саулығы арасында байланыс бар екенін анықтады. Мамандар Лондонда өткен халықаралық конференцияда осы мәселе туралы арнайы баяндама жасады.

Ғалымдар жасы 50-ден жоғары, денсаулығы мықты 17 мыңнан аса адамға сауалнама жүргізіп, оларға бірнеше тапсырма берген. Нәтижеде мына нәрсесі анықталды. Күн сайын сөзжұмбақ немесе соған ұқсас түрлі бас қатырғыштарды шешумен айналысу мидың саулығын жақсартып, жұмысын белсенді етеді екен.

«Біз адамдардың кроссворд шешу жүйілігі мен зейінге, логикалық ойлауға және жады мықтылығына байланысты тапсырмаларды шешу жетістігі арасында байланыс бар екенін анықтадық», – дейді зерттеудің жетекші авторы Кир Вернес.

Оның айтуынша, зерттеуге қатысушылар ішінде сөзжұмбақ шешуді жақсы көретіндер аталған тапсырмаларды өздерінен 10 жас кіші адамдар сияқты жақсы орындайды.